



ЭҮҮ:
ЖАҢА ЖОБАЛАР
жарқын белестерге
жол ашады **3**



ТЕҢГЕ БАҒАМЫ
неге құбылып тұрады? **4**



ОТАНДЫҚ
АДВОКАТУРА
тәуелсіз құрылымға
айналуы керек **9**

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №135 (6428) 11 қараша, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ӨҢІРАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

өзінің маңыздылығы мен тиімділігін көрсетті



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев және Астанаға ресми сапармен келген Ресей Президенті Владимир Путин Қазақстан мен Ресейдің XIX Өңіраралық ынтымақтастық форумының пленарлық отырысына бейнебайланыс режимінде қатысты.

Жиын алдында Ресей Президентін салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы екі ел басшыларына

рапорт берген соң, Қазақстан мен Ресейдің мемлекеттік Әнұрандары шырқалды. Содан кейін президенттер «Ақорда» резиденциясының Мәрмәр залына барып, форумға онлайн-режимде қосылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Өңіраралық ынтымақтастық форумы 20 жыл ішінде екі елдің өзара тиімді стратегиялық серіктестігін нығайтуға зор үлес қосып, өзінің маңыздылығы мен тиімділігін көрсеткенін атап өтті.

2-3

Алматының Бас жоспары:

БЕС ЖАҢА ПОЛИОРТАЛЫҚ

мегаполистің біркелкі және теңгерімді дамуына тың серпін береді және оның тұрғындарының өмір сүру сапасының тұрақты өсуін қамтамасыз етеді

Қазақстан Республикасы Сәулетшілер одағы мен Қазақстан қала құрылысшылар одағы «Қазақстан-2023» бірлескен сәулет-қала құрылысы форумын өткізіп жатыр.

Форум дәстүрлі көрме-семинар форматында ұйымдастырылды. Іс-шара сессияларында өңірлер мен қалалардың қала құрылысы және әлеуметтік-экономикалық дамуының жаңа Қазақстанның сәулет бейнесін қалыптастырудың өзекті тақырыптары қозғалды. Сәулет-қала құрылысы шығармашылығының мәселелері талқыланды. Шара ұйымдастырушыларының айтуынша, шығармашылық құрамның жиналуы – қалалардың сәулет келбетін сапалы өзгертуге, олардың өңірлік бірыңғай стилистикасын баса көрсетуге мүмкіндік береді.

– Бүгін бір мезетте «Қазақстан-2023» 18-ші қала құрылысы форумы және Қазақстан Сәулетшілер одағының форумы өтіп жатыр. Қала сәулетін дамытуға арналған бүгінгі форумның көтерген мәселесі өте өзекті және Алматы оларды практикалық тұрғыда іске асыру үшін үздік тәжірибені қарастыруға дайын екенін атап өткім келеді.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Қала әкімдігі мегаполистің ерекше келбетін қалыптастыруға көмектесетін жас сәулетшілер мен дизайнерлерге 2024 жылдан бастап арнайы гранттар бөледі.

6

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

11.11.2023

Түнде:



0, +2 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+12+14 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Таңертең тұман.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

12.11.2023

Түнде:



+1+3 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+8+10 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

www.almaty-akshamy.kz





ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ӨҢІРАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ

өзінің маңыздылығы мен тиімділігін көрсетті

(Басы 1-бетте).

Стратегиялық серіктестік

Қазақстан мен Ресейдің сауда-экономика, инвестиция салаларындағы және өнеркәсіптік кооперациядағы ықпалдастығы жылдан-жылға тұрақты түрде артып келеді.

— Бүгінде екіжақты тауар айналымы 27 миллиард долларға жетті. Бұл — рекордтық көрсеткіш. Ресейден тікелей тартылған инвестиция көлемі 20 миллиард доллардан асты. Қазақстанда жұмыс істейтін шетелдік үлесі бар 42 мыңнан астам кәсіпорынның жартысына жуығы, яғни 19 мыңы ресейлік компаниялар. Біз экономиканың өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік, инфрақұрылым сияқты салаларында тығыз қарым-қатынас жасаймыз. Энергетика бағытындағы ынтымақтастық деңгейі артып келеді. Жақында Ресей газын Қазақстан аумағы арқылы Өзбекстанға тасымалдау жобасының іске қосылуы айтулы оқиға болды. Бұл жоба Орталық Азияның өңірлік тұрақтылығы мен энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуда шешуші рөл атқарады. «Тат-нефть» компаниясымен бірге қуаты жылына 340 мың тоннаға дейін бутадиең өндіретін Қазақстан-Ресей зауытының құрылысы басталды. Полиэтилен шығаратын кәсіпорын салуға қатысты келіссөздер аяқталды. 2019 жылдан бастап Өндірістік кооперация саласындағы бірлескен іс-қимыл бағдарламасы табысты жұмыс істеп жатыр. Қазірдің өзінде бұл бағдарлама бойынша құны 3,2 миллиард доллар болатын 30 жоба іске асырылды. Жалпы көлемі 27 миллиард доллардан асатын тағы 60-қа жуық жоба жүзеге асырылуда немесе пысықталуда. Мұның бәрі Қазақстан мен Ресейдің стратегиялық серіктес әрі одақтас екенін айқын көрсетеді, — деді Мемлекет басшысы.

Агроөнеркәсіп кешені: сауда мен өзара тиімді кооперация

Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы тақырыбына арналған форумның Қостанай облысында, яғни Қазақстанның нағыз астықты өлкесінде өткізілуінің символдық мәніне назар аударып, агроөнеркәсіп кешені саласындағы сауда мен өзара тиімді кооперацияны кеңейту үшін зор мүмкіндік бар екеніне тоқталды. Оның пікірінше, Қазақстан мен Ресей ауыл шаруашылығы өнімінің ірі өндірушісі саналады және астық экспорты бойынша әлемдік көшбасшылардың ондығына кіреді. Сондай-ақ, әлемдегі егістік алқаптарының шамамен 10 пайызы, жайылымдық және шабындық жерлердің 9 пайызы осы екі мемлекетке тиесілі.

— Қазақстанда соңғы 5 жылда ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 2 еседен астам ұлғайды. Аталған саладағы өнім экспорты екі есе артып, 6 миллиард долларға жуықтады. Бүгінде бұл бағыттағы өнімдеріміз әлемнің 80 еліне жеткізіледі. Былтыр Азық-түлік қауіпсіздігінің жаһандық индексында Қазақстан 113 елдің ішінде 32-ші орынды иеленді. Осылайша біз агроөнеркәсіп кешенін дәйекті түрде дамытып отырмыз. Бүгінгі форумда елдеріміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тең құқылы және бір-бірінің мүддесін ескеру қағидаттарын негізінде ортақ келісімге келе отырып, жаңа тәсілдер әзірленетініне сенімдімін, — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы форумға қатысушылардың назарын бірқатар өзекті мәселеге аударды. Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, Қазақстанның аграрлық секторын индустрияландыру мәселесіне тоқталып, үш жыл ішінде агроөнеркәсіп кешеніндегі қайта өңделген өнім үлесін 70 пайызға дейін арттыру міндеті жүктелгенін айтты.

— Бұл міндетті орындау үшін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының импортқа тәуелділігін төмендетуге бағытталған ірі инвестициялық жобалар жүзеге асырыла бастады. Алдағы жылдары 115 тауарлы сүт фермасы салынады. Бұл сүт өндіру көлемін 600 мың тоннаға арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жылына 120 мың тоннадан астам ет өндіретін 15 ірі құс фабрикасын пайдалануға береміз. Алдағы бес жылда Қазақстанның агросекторында жалпы сомасы 2,7 триллион теңге болатын 900-ге жуық инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Озық халықаралық стандарттарға, соның ішінде «Халал» стандартына сай әрі бәсекеге қабілетті, экологиялық таза және экспортқа бағдарланған өнім шығаруға баса мән беріледі, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ықпалдастық бағыттары

Мемлекет басшысы агроөнеркәсіп және экспорт әлеуетінің толыққанды пайдаланылуына көп жағдайда көлік-логистика саласындағы шектеулер әсер етеді деген пікір айтты.

— Өнім сақтау инфрақұрылымын дамыту, соның ішінде элеваторларды, көкөніс, жеміс-жидек қоймаларын көбейту екіжақты ынтымақтастықтың маңызды бағытына айналуға тиіс. Қазақстан жуық арада климаттық бақылау жүйесі бар өнім сақтау қоймаларының сыйымдылығын 1 миллион тоннаға ұлғайтуды жоспарлап отыр. Бізде Қы-



тай, Үндістан, Таяу Шығыс елдері сияқты келешегі зор өнім өткізу нарықтары бар. Олардың азық-түлікке сұранысы ұлғая түскенін ескерсек, «Солтүстік — Оңтүстік» көлік дәлізінің де рөлі күшейеді. Орталық Азия арқылы логистиканың жаңа бағыттарын дамыту және Қытаймен арадағы қазіргі көлік бағдарларының жүк өткізу мүмкіндігін арттыру ықпалдастықтың басым бағыттарының бірі бола алады. Осыған байланысты Каспий теңізіндегі Құрық және Ақтау порттарына ауқымды жаңғырту жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отырмыз. Қытай бағытында «Достық — Мойынты» теміржол учаскесінің екінші жолын салу жобасын жүзеге асыруға кірістік. Жалпы, Қазақстанда алдағы үш жылда 1,3 мың шақырымнан астам теміржол салынады, — деді Мемлекет басшысы.

Президент заманауи аграрлық ғылымды дамыту және агроөнеркәсіп кешеніне инновацияны белсенді түрде енгізу ісін ынтымақтастықтың тағы бір маңызды бағыты ретінде атады. Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан зерттеу университеттерінің рөлін күшейте отырып, «білім — ғылым — өндіріс» ұштаған жүйесі аясында ғылым саласын реформалауды бастады. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев бірлескен агроинновация орталықтарын құруды ұсынды. Олар жаңа технологияларды, соның ішінде жасанды интеллекттің коммерцияландырумен және өндіріске енгізумен айналысар еді.

Бұдан бөлек, өзіміздің дақылдар тұқымын көбейту — тағы бір стратегиялық міндеттің бірі. Қасым-Жомарт Тоқаев картоп пен қант қызылшасы сияқты негізгі дақылдар бойынша Қазақстандағы отандық селекцияның үлесі 10 пайызға жетпейтінін атап өтіп, қалыптасқан жағдайды шұғыл реттеуге шақырды.

Мүдделерді үйлестіру — басты мақсат

Қасым-Жомарт Тоқаев таяу арада Қазақстанның машина жасау саласына көрсетілетін мемлекеттік қолдау шарасының бағыты кезек-кезеңмен өзгередінін айтты. Алдағы уақытта техниканы ірі бөліктерден ғана емес, бірте-бірте ұсақ бөліктерден құрастыратын аралас өндіріске басымдық берілетінін жеткізді. Бұл ретте Президент еңбек өнімділігіне, импортталатын қосалқы бөліктердің жергілікті өндірісін жолға қоюға және өнімді жұмыс орындарын ашуға баса мән беру маңызды екенін атап өтті.

Мемлекет басшысының айтуынша, келешекте күшейе түсетін су ресурстарының тапшылығы Қазақстан үшін өзекті проблеманың бірі саналады. Отандық экономиканың негізгі салаларында, әсіресе, ауыл шаруашылығында судың көп мөлшерде пайдаланылуы жағдайды одан сайын күрделендіре түсті.

— Біз су секторын жаңғыртуға кірістік. Жаңадан 20 су қоймасын салып, кем дегенде 15 су қоймасын реконструкциялау, сондай-ақ 3500 шақырымнан астам каналды жаңғырту және цифрландыру жоспарланып отыр. Бұл шаралар 2027 жылға қарай қосымша 2 текіе километрге жуық сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазақстанда жаңа Су кодексі әзірленуде. Бұл құжат су ресурстарының

тапшылығын азайтуға бағытталған. Ресеймен бірге Жайық, Ертіс секілді ірі өзендердің бассейндерінде зерттеу жүргізу жөніндегі ынтымақтастықты жандандыру үшін Бірыңғай жол картасы жүзеге асырылып жатыр. Мұндай күрделі проблеманы шешуге бір ғана елдің күші-жігері жетпейді. Бұл мәселені мүдделер теңгерімін сақтап, бірлесе әрекет ету арқылы шешу қажет. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, біздің Ресеймен стратегиялық серіктестік қарым-қатынасымыз екі ел халықтарының мүддесі жолында су ресурстарын бірлесе тиімді пайдалануға қатысты теңгерімді тәсілдің кепілі болатынына сенімдімін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті сөзін қорытындылай келе, бұрынсоңды болмаған жаһандық сын-қатерлер жағдайында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған екі елдің күш-жігерін үйлестіру маңызды екенін атап өтті.

Қостанайдағы жаңа салынған Смарт-орталықта көршілес екі ел делегациясының басын қосқан «Ауыл шаруашылығы — қуатты экономиканың негізі» атты ынтымақтастық форумында қазіргі жағдайда азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, агроөнеркәсіп саласындағы цифрлық технологиялар, жастар және ауыл шаруашылығы: білім беру-дегі жаңа үрдістер мәселелері талқыланды. Форум аясында Қазақстан мен Ресей арасында өңіраралық деңгейдегі бірқатар құжаттар қабылданды. Екі елдің шекаралас өңірлерінің басшылары өзара экономикалық ынтымақтастық туралы келісім құжаттарына қол қойды.

Маңызды құқықтық негіз

XIX Өңіраралық ынтымақтастық форумының пленарлық отырысынан кейін Қазақстан мен Ресей президенттері шағын форматта келіссөз жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путиннің сапары екі-жақты қатынастар жылнамасындағы маңызды оқиға екенін атап өтті.

— Сіз Қазақстанға XXI ғасырдағы тату көршілік және одақтастық туралы шарттың 10 жылдығы қарсаңында келіп отырсыз. Құжатқа 2013 жылы 11 қараша күні Екатеринбургте қол қойылғанын еске салғым келеді. Бұл — Қазақстан мен Ресей ынтымақтастығының маңызды құқықтық негізі саналатын әрі көпжақты байланыстарымызды одан әрі нығайтуға жол ашатын жан-жақты құжат. Сізді осы айтулы күнмен құттықтаймын. Сапарыңыздың аталған датамен тұспа-тұс келгені өте жақсы болды. Жалпы, бүгін айтқанымдай, Сіздің сапарыңыздың саяси және тарихи мәні зор, — деді Президент.

Мемлекет басшысы екі халық арасындағы берік достық байланыстарға, ортақ тарих пен тату көршілік қатынастарға мән бере отырып, Қазақстан мен Ресейдің барлық бағыттағы ықпалдастығының табысты дамып келе жатқанын мәлімдеді.



— Форумның ашылуында нақты цифрларды атап көрсеттік. Соңғы 3 жылда тауар айналымының көлемі 30 пайыздан астам өсті және бұл оң үрдіс жалғасуда. Биылғы 8 айдың қорытындысы бойынша өзара сауда-саттық 17 миллиард долларды құрады. Бұл да — рекордтық көрсеткіш. Өнеркәсіптік кооперация қарқынды дамып жатыр. Осы орайда ауыз толтырып айтарлықтай цифрлар бар. Атап айтқанда, жалпы сомасы 33 миллиард доллардан асатын 143 жоба жүзеге асырылуда. Оның 140 жобасы Қазақстан аумағында орналасқан. Ресей Қазақстандағы шетелдік капиталы бар кәсіпорындар саны бойынша көшбасшы екені сөзсіз. Елімізде 20 мыңнан астам ресейлік компания тіркелген. Ресей Федерациясынан тартылған тікелей инвестиция, біздің бағалауымыз бойынша, 20 миллиард доллардан асты. Соңғы екі жылда шамамен, 3,5 миллиард доллар инвестиция салынды. Өз кезегінде Қазақстанның Ресейге құйған инвестиция көлемі 6 миллиард долларға жетті. Мұның екіжақты процесс екені қуантады. Мұнай-газ саласындағы ынтымақтастық белсенді түрде ілгерілеп келеді. Еліміздің аумағы арқылы Ресей мұнайын Қытайға, сондай-ақ газын Өзбекстанға тасымалдау жөніндегі уағдаластықтар энергетика саласындағы ықпалдастықты мүлде жаңа деңгейге көтерді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қостанай қаласында өтіп жатқан XIX Өңіраралық ынтымақтастық форумы шеңберінде қол қойылатын келісімдер мен бизнес келісім-шарттары облыстарда ғана емес, екі ел экономикасының көптеген салаларында да мол әлеует бар екенін көрсететініне сенім білдірді.

Ресей Президенті Владимир Путин Қазақстан астанасындағы бүгінгі кездесу екіжақты қатынастардың жай-күйі жөнінде пікір алмасып, келешекті бағамдауға жақсы мүмкіндік беретінін атап өтті. Ол екі мемлекеттің халықаралық аренадағы конструктивті ықпалдастығын, ЕАЭО, ҰҚШҰ, ТМД, БҰҰ және ШЫҰ аясындағы үйлесімді қарым-қатынасын жоғары бағалады.

Келіссөз барысында мемлекеттер басшылары стратегиялық әріптестікті нығайтуға деген өзара ұмтылысын нақтылады. Өңіраралық және шекара маңындағы елдімекендер арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ерекше назар аударылды. Сондай-ақ, тараптар мұнай-газ өнеркәсібі, машина жасау, энергетика, көлік-логистика, денсаулық сақтау және мәдени-гуманитарлық байланыс салаларындағы ықпалдастықтың негізгі аспектілерін талқылады. Бұдан бөлек, халықаралық ахуалдың қазіргі жағдайы мен даму перспективалары жөнінде пікір алмасты.

Тең құқылы және өзара тиімді әріптестік

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин екі мемлекеттің ресми делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз өткізді.

Мемлекет басшысының айтуынша, екі елдің даму жолдарын өз бетінше әрі дербес таңдауы қос тарапқа кедергі келтірмейді, керісінше, бұл тең құқылы және өзара тиімді әріптестіктің пайдалы жағын еселей түседі. Мұны Қазақстанда да, Ресейде де жақсы түсінеді.

Келіссөз барысында тараптар екіжақты экономикалық күн тәртібінің негізгі аспектілерін жан-жақты талқылады. Сондай-ақ, алдағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын айқындап, денсаулық сақтау, энергетика, көлік, ауыл шаруашылығы, спорт және тағы да басқа салалардағы ықпалдастықты нығайтуды көздейтін бірқатар уағдаластыққа қол жеткізді. Ресей Президенті дәстүрлі қонақжайлығы үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, шағын құрамдағы келіссөздің нәтижелі болғанын атап өтті. Президенттер келіссөздерден кейін бірқатар маңызды құжаттарға қол қойды.

Екіжақты келіссөздер аяқталғаннан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін бірлескен мәлімдеме жасады.

Мемлекет басшысының айтуынша, келіссөздер барысында сауда-экономикалық және инвестициялық ықпалдастыққа ерекше мән берілді. Өзара тиімді өндірістік кооперацияның перспективалары егжей-тегжейлі қарастырылды. Бүгінде бірлескен жобалар пулы 143-ке дейін көбейіп, жалпы инвестиция көлемі 33 миллиард доллардан асқан. Бұдан бөлек, екі ел басшылары энергетика саласындағы ынтымақтастық мәселесін және ірі мұнай-газ жобаларының жүзеге асырылу барысын талқылады. Оңтүстік бағыттарға Ресей газын жеткізу жобасын одан әрі дамыту, Қазақстан арқылы Қытайға тасымалданатын Ресей мұнайының транзит көлемін ұлғайту, сондай-ақ Каспий құбыр консорциумының (КҚК) тұрақты жұмысын қамтамасыз ету маңызды екенін атап өтті.

«Келіссөздер, шын мәнінде, іскерлік әрі конструктивті сипатта өтті және өте нәтижелі болды. Қол қойылған Бірлескен мәлімдемеде және қабылданған Қазақстан мен Ресейдің бірлескен іс-қимыл жоспарында жан-жақты стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтудың аса зор міндеттері айқындалды. Бұған осы күндері қол қойылған үкіметаралық және ведомствоаралық құжаттар ықпал етеді. Онда саясат, қауіпсіздік, экономика, мәдени-гуманитарлық және ынтымақтастықтың басқа да көптеген бағыттары қамтылған. Сапар барысындағы бірлескен жұмысымыздың нәтижесі Ресей мен Қазақстан арасындағы көпжақты қатынастарды халықтарымыздың игілігі үшін одан әрі дамытуға ықпал ететіні сөзсіз», — деді Ресей Президенті.

Тараптар көлік-транзит саласына ерекше назар аударды. Президенттер екі елдің аумағы арқылы өтетін көлік дәліздерін үйлесімді дамыту ісіне күш салуға уағдаласты. Денсаулық сақтау, энергетика, ауыл шаруашылығы, спорт және басқа да салалардағы серіктестікті нығайтуға бағытталған бірқатар маңызды құжатқа қол қойылды. XIX Өңіраралық ынтымақтастық форумы аясында да Қазақстан мен Ресейдің аймақтары мен кәсіпкерлері арасында көптеген келісімдер бекітілді. Сонымен қатар, өзара тиімді жобаларды жүзеге асыру жөнінде нақты бастамалар көтерілді.

АҚОРДА АҚПАРАТТАРЫ

Еліміздің көлік-логистика әлеуеті:

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕР

Мемлекет басшысы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысын өткізді

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті.

Жиында еліміздің көлік-логистика әлеуетін жүзеге асыру барысында кездесетін стратегиялық сын-қатерлер қарастырылды. Мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың басшылары теміржол, автомобиль, теңіз, әуе көліктері, сондай-ақ құбыр арқылы тасымалдау бағыттарында жиі ұшырасатын проблемаларды шешу үшін атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндама жасады.

Мемлекет басшысы транзиттік жүк тасымалын, соның ішінде Транскаспий халықаралық көлік бағдары арқылы та-

сымалдау ісін дамытудың өзектілігіне назар аударды. Сондай-ақ отандық өнімдерді экспорттау үшін транспорт әлеуетін ұлғайту маңызды екенін атап өтті. Ол үшін инфрақұрылымдық шектеулер мен басқа да кедергілерді жойып, көлік-логистика қызметінің сапасын арттыру және тариф қалыптастыру жүйесін жетілдіру қажет.

Жиын барысында өнеркәсіп, экспорт және транзит әлеуетін қатар дамыту, инфрақұрылым құрылысының заманауи стандарттарын енгізу және көлік-логистика саласының экономикаға мультипликативті әсерін қамтамасыз ету мәселелеріне айрықша мән берілді.

Кеңес қорытындысы бойынша Президент Үкіметке бірқатар нақты тапсырма берді.

ИНТЕГРАЦИЯ

Экономикалық ынтымақтастық ұйымы:

ЖАҢА ЖОБАЛАР

жарқын белестерге жол ашады



Премьер-министр Әлихан Смайылов Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Экономикалық ынтымақтастық ұйымының 16-шы саммитіне қатысу үшін Өзбекстанға барып, Ташкенттегі іс-шара қарсаңында сол елдің Президенті Шавкат Мирзиёевпен кездесті.

Премьер-министр ең алдымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жылы лебізін жеткізіп, бүгінде екі ел арасындағы қарым-қатынастар сенім мен өзара түсіністікке негізделген стратегиялық серіктестіктің жарқын үлгісі екенін баса айтты. Ол жоғары деңгейде қол жеткізілген барлық уағдаластықтарды іске асыру Қазақстан мен Өзбекстан үкіметтерінің бақылауында болатынын мәлімдеді. Екіжақты өзара іс-қимылдың барлық спектрі бойынша Өзбекстанмен ынтымақтастықты серпінді дамытуға Қазақстан Үкіметі бар күш-жігерін салады. Мұндағы басым бағыттардың бірі — екіжақты өзара іс-әрекеттердің берік әрі тұрақты экономикалық тұғырнамасын құру.

«Өзбекстан — Қазақстанның ең ірі сауда серіктестерінің бірі. Орталық Азиядағы барлық өңірлік сауданың шамамен 70%-ы біздің елдерге тиесілі. Өткен жылдың қорытындысы бойынша тауар айналымы 30%-ға артып, алғаш рет \$5 млрд-қа жетті. Біз өзара сауданы \$10 млрд-қа жеткізу бойынша белсенді жұмыс жүргізіп жатырмыз», — деді Премьер-министр.

Өз кезегінде Шавкат Мирзиёев екі ел арасындағы стратегиялық ынтымақтастық, атап айтқанда, сауда, көлік және су шаруашылығы саласындағы уағдаластықтар жүйелі түрде жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. «Біз барлық мәселеде алға жылжып келеміз. Меніңше, шешілмеген мәселе жоқ. Сауда саласында Қазақстан Президентімен келіскен жобалар бізге жаңа белестерге жетуге көмектеседі», — деді Өзбекстан Президенті.

Экономикалық әлеует биік мақсаттарға жетелейді

Әлихан Смайылов ЭЫҰ кеңістігінде көлік-логистикалық жүйе-

лердің интеграциясын күшейтуге шақырды.

Спикер атап өткендей, ЭЫҰ тек мүше елдер үшін ғана емес, сонымен бірге жаһандық экономика үшін де маңызды саналатын әлемнің орасан зор табиғи ресурстар қоры бар стратегиялық аймағын біріктіреді. Жалпы, ЭЫҰ елдері шамамен 500 млн халқы бар 8 млн шаршы шақырым аумақты алып жатыр және жалпы ішкі өнімі \$2 трлн-ды құрайды. «Бұл халықаралық аренада Экономикалық ынтымақтастық ұйымының беделін одан әрі арттыру үшін биік мақсаттар қоюға мүмкіндік беретін Ұйымның маңызды экономикалық әлеуетін айғақтай түседі», — деді Премьер-министр.

Үкімет басшысы тұжырымдағандай, ынтымақтастықты нығайтудың басым бағыттарының бірі өңіраралық сауданы ынталандыру болуға тиіс.

«Өткен жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның ЭЫҰ елдерімен тауар айналымы 40%-ға өсіп, \$16,5 млрд-қа жетті. Сондай-ақ, осы жылдың 8 айында тауар айналымы 3%-ға төмендеді. Бұл көрсеткіштерді жақсарту үшін Қазақстан Ұйымның әрбір еліне қосымша орта есеппен 100-ге жуық тауар түрін экспорттауға дайын», — деді Әлихан Смайылов.

Бұл бағытта елімізде өңделген және азық-түлік өнімдерін тасымалдау көлемін ұлғайтуға мүмкіндік беретін трансшекаралық хабтарды салу бойынша ауқымды жобалар іске асырылып жатыр. Мәселен, заманауи сауда-логистикалық инфрақұрылымды дамытудағы негізгі жобалардың бірі — Қазақстан-Өзбекстан шекарасындағы «Орталық Азия» халықаралық өндірістік ынтымақтастық орталығы. Осындай өнеркәсіптік сауда-логистикалық кешен Қырғызстанмен шекара да салынбақ.

Премьер-министр Бірлестік аясында шекара периметрі бойынша Қазақстанда құрылған және жұмыс істеп

тұрған уақытша сақтау қоймаларын пайдалану арқылы байланыстарды кеңейтуді ұсынды. Оның пікірінше, ЭЫҰ-ға мүше 10 мемлекеттің жетеуінің дүниежүзілік мұхитқа шыға алмайтындығына байланысты аймақтың өзара көлік байланысын дамыту маңызды.

Бүгінде Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамытуға басымдық бере отырып, оның әлеуетін арттыру мақсатында Қазақстан, Әзербайжан, Грузия және Түркия мемлекеттері 2027 жылға дейін «тар» жерлерді синхронды жою және Орта дәлізді дамыту бойынша Жол карталарын іске асыруда.

Үкімет басшысы мәлімдегендей, Өзбекстаннан Қазақстанның батыс аймақтарына тікелей қатынасты қамтамасыз ету үшін «Бейнеу-Шалқар» автожолы салынады, ол 8-ші ТРАСЕКА жол дәлізін құру жұмыстарын аяқтауға мүмкіндік бермек. Елімізде Каспий теңізіндегі порттардың әлеуеті белсенді түрде кеңейтілуде. Ақтау портында контейнерлік хаб және Құрық портында «Саржа» көпфункционалды терминалы салынады. Орталық Азия елдері үшін Қытаймен өткізу пункттерінде бөлек станциялық жолдар салу жоспарлануда. Қазақстан бұл бағыттағы жүк айналымын жүйелі түрде арттырып, 2030 жылға қарай оны жылына 500 мың контейнерге жеткізуді көздеп отыр.

Одан бөлек, Қазақстан Солтүстік-Оңтүстік көлік дәлізінің әлеуетін арттыру бойынша шаралар қабылдап жатқаны да белгілі. Осы бағытты дамыту мақсатында Иран, Түрікменстан және Ресеймен бірлестікте тиісті Жол картасы іске асырылуда. Бұл дәліздің өткізу қабілетін 2027 жылға дейін 10 млн-нан 15 млн тоннаға дейін арттыру көзделген. «Қазақстан-Түрікменстан-Иран» теміржолы Орталық Азия мен Таяу Шығыстағы ЭЫҰ мемлекеттері арасындағы ең қысқа жол ретінде ерекше маңызға ие. Осы жылдың 9 айында аталған бағыт бойынша Иранға қарай жүк ағыны 9%-ға артып, 1,5 млн тоннадан асты.

Премьер-министр ынтымақтастықтың келесі бір маңызды басымдығы ретінде индустриялық кооперацияны айтты. Оның айтуынша, Қазақстанда ЭЫҰ елдерімен 13 мыңнан астам бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді, оның 1 800-ге жуығы өткен жылы ғана қосылды.

«Қазақстан ЭЫҰ қағидаттарына берік және ортақ биік мақсаттарға қол жеткізу үшін бар күш-жігерін салуда дайын. Жалпы әкімшілік кедергілерді жою, көлік-логистикалық жүйелердің интеграциясын тереңдету мәселелері бойынша бірлескен жұмысты күшейткен жөн. Қазіргі уақытта ЭЫҰ елдерімен машина жасау, металлургия, жеңіл және химия өнеркәсібі, құрылыс индустриясы және жер қойнауын пайдалану сияқты салаларда жалпы құны шамамен \$2,7 млрд-ты құрайтын 26 жоба жүзеге асырылуда. Бизнес-серіктестерді жаңа жоғары технологиялық жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға шақырамыз», — деді Әлихан Смайылов.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөздер: www.akorda.kz; primeminister.kz).



ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

БАЗАЛЫҚ СТАВКА

туралы не білеміз?

Осының алдында ақша-несие саясатына қатысты қалам тербесек, бүгін базалық ставканың не екенін қарапайым тілмен түсіндіруге тырысамыз. Ол еліміздегі кредит пен депозиттердің пайыздық сыйақы мөлшерлемелеріне тікелей әсер етеді.

Базалық ставканы еліміздегі монетарлы билік болып табылатын Ұлттық Банктің ақша-несие саясаты жөніндегі Комитеті бекітеді. Қазір оның деңгейі 16,5%, ал ауытқу коридоры плюс минус 1 пункт. Бұл нені білдіреді? Демек, еліміздегі екінші деңгейлі банктер Ұлттық Банктен 17,5 пайызбен кредит ала алады. Сонымен бірге, Ұлттық Банкке 15,5 пайызбен депозит сала алады.

Осы базалық ставка арқылы Ұлттық Банк инфляцияны реттеп отырады. 2020 жылы орын алған пандемиядан кейін бүкіл әлем бойынша тауар тасылымы тоқтап қалды да, планета масштабында қымбатшылық күрт артып кетті. Қазақстанда 2021 жылдың қорытындысы бойынша инфляция 8,4% болып тұрған, ал 2022 жылы ол 20,3 пайызға дейін бірден көтерілді. Жалпы, былтырғы жылды біз үшін инфляциялық шок кезеңі деп айтсақ болады.

Классикалық экономикалық теорияға сай, инфляция тым өршіп тұрғанда орталық банктер базалық ставканы жоғары деңгейде ұстау керек. Біздің Ұлттық Банк те былтырғы жылдың соңында ставканы 14 пайыздан бірден 16,75 пайызға көтерді.

Ұлттық Банк неге базалық ставканы жоғары көтерді? Оның себебі өте қарапайым. Ақша массасы тауарлар мен қызметтен көбірек болса, бірден қымбатшылық басталады. Яғни ақша тым көп кезде инфляция күшейеді. Нарықтағы осы ақша массасын қаржыгерлер «өтімділік» деп атайды. Ал енді, егер базалық ставка жоғары болса, онда коммерциялық банк депозиттерінің де сыйақысы жоғары қойылады. Мысалы, қазір базалық ставка 16,5% кезінде, банк депозиттері өз клиенттеріне қысқамерзімді салымдарға орта есеппен 17,7% ұсынууда.

Осы кезде банк депозиттеріне ақшаны салу, жинау өте тиімді болады. Барлық өтімділік осы депозиттерге (және облигацияларға) ауыса бастайды. Сәлден кейін нарықта басы бос ақша азаяды. Соның нәтижесінде, тауарлар мен қызметтердің бағасының өсуі баяулап, инфляция жоспарланған қалыпқа келеді.

Содан кейін инфляция сабасына түсіп жатса, орталық банктер базалық ставканы жайлап түсіреді. Ол кредиттің арзандап, экономикалық белсенділіктің қайта жандануы үшін қажет.

Экономика – әрі-бері ырғалатын әткеншек сияқты. Ал оны қажет кезде сырғытып, қажет кезде тежеп тұратын көзге көрінбейтін күш – ақша-несие саясаты. Өз кезегінде, базалық ставка осы саясаттың негізгі құралы болып табылады.

ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ

қандай экономикалық термин?



Сіздер арагидік жаңалық оқитын болсаңыздар, төлем балансы, сауда балансы деген сөздерді көздеріңіз шалған шығар. Жәй экономикалық термин болып көрінгенімен, оның біздің өмірімізде ойнайтын рөлі бар. Мысалы, ол теңге бағамына тікелей әсер етеді. Сондықтан осы ұғымдарды біліп жүргеніміз абзал.

Төлем балансы – бір ауыз сөзбен айтқанда, Қазақстан мен басқа елдер арасындағы экономикалық операциялар, яғни ақша ағынының көрсеткіші. Біз басқа елге қанша ақша жібердік, ал басқа елден бізге қанша келді. Осының барлығы белгілі бір уақыт аралығына есептеледі. Мысалы, айлық баланс, тоқсандық баланс, жылдық баланс деп бөлінген. Осы баланс есептеудің халықаралық әдісі бар. Оны Халықаралық Валюта Қоры бекітіп, жаңалап отырады.

Төлем балансының операцияларын мамандар бекітілген әдіс бойынша үш топқа бөліп қарастырады.

Олар: ағымдағы шот, капиталмен операциялар шоты және қаржылық шот.

Ағымдағы шот біздің елдің компаниялары, жеке тұлғалары мен шетелдік компания, не жеке тұлға-

лар арасындағы тауарлар, қызметтер, бизнестен келген кірістер ағындарын көрсетеді. Яғни егер сіз Инстаграмнан немесе Алиэкспрестен шетелден тауарға тапсырыс берсеңіз, олар осы ағымдағы шот статистикасына енеді.

Капиталмен операциялар шотына ірі бизнестің операциялары, инвестициялар, дивидендтер, яғни өндірістік емес қаржылық активтермен жасалған операциялар кіреді.

Қаржы шоты қаржылық активтерді таза сатып алу мен отандық компаниялар мен шетелдік компаниялар арасындағы қарыздың мөлшерін көрсетеді.

Төлем балансының ішінде сауда балансы да кіреді. Сауда балансы – Қазақстанның сыртқа шығарып сатқан тауарларының құны мен еліміз сырттан сатып алған тауарлар құны арасындағы көр-

сеткіш. Егер біздің экспорттан тапқан ақшамыз импорттан тапқан ақшадан артық болса, онда сауда балансы біз үшін жағымды болады.

Мысалы, 2022 жылы біз 36,3 миллиард долларлық жағымды сауда балансына қол жеткіздік.

Алайда, Ұлттық Банк болжауынша, 2025 жылдарға қарай төлем балансы профициттен дефицитке ауыса бастамақ. Оның себебі, біздің ішкі өндірісімізді реттеп, қайта өңдеу тауарларын шығара алмай отырғанымызда жатыр. Егер өзіміз тауар шығара алмасақ, онда импорттың үлесі арта түседі.

Экспорттан доллар бізге келеді, оны компаниялар жалақы, салық төлеу үшін биржада теңгеге айырбастайды. Ал импортер компаниялар тиісінше биржадан теңгеге доллар сатып алып, оны сырттан тауар алуға жұмсайды. Қазақстан қор биржасында теңге бағамы ұсыныс/сұраныс арқылы құрылатындықтан, егер долларға сұраныс көп болса, онда доллар қымбаттап, теңгенің курсы түсіп кетер еді. Жағымды сауда балансы кезінде теңгеге сұраныс көбірек болады да, оның бағамы да жоғары деңгейде болады.

Экономист мамандар сол себепті сауда балансындағы дефицитті «теңгеге жасалған қысым факторы» деп бағалап жатады. Ұзақмерзімді сараптама жасағанда, мұнай бағасы барреліне 85 доллардан асатын кездерде біздің сауда балансымыз жағымды болатынын байқадым. Ал мұнай құны одан түсіп кетсе, бірден экспорттымыздың сомалық мөлшері импорттан ұтыла бастайды. Яғни теңге де мазасызданады.

Сондықтан ертеңгі теңге бағамын болжағыңыз келсе, мұнайдың бүгінгі бағасына қарап, шамамен тон піше аласыз.

Доллар неге 800 теңге емес, 480 болып тұр? Осы бағам қайдан пайда болады? Оны кім бекітеді? Неге теңге құбылып тұрады? Қарапайым халықта теңгеге қатысты осындай сұрақтар көп.

Теңге биыл 30 жылдығын атап өтпек. Осы уақыт ішінде ол еркін конверттелетін нарықтық валютаға айнала білді. Яғни оның бағамын ешкім арнайы бекітпейді. Бағам Қазақстан қор биржасындағы алып-сату нәтижесінде белгілі болады. Теңгені басып шығаратын Ұлттық Банк оның бағамын таргеттеу, яғни реттеу режимінен кетіп, қазір тек инфляцияны таргеттеу (белгілі бір шек аясында ұстап тұру) режимімен айналысады. Бір сөзбен айтқанда, теңге тағдыры нарықтың жеке қолына берілді. Енді мемлекет бар күшін тек инфляцияға салады.

Бұл өте жақсы. Себебі, бұған дейін бірнеше рет орын алған күтпеген девальвациялардан кейін халықтың теңгеге деген сенімі жоғалып кеткен болатын. Ал девальвациялар әу баста теңгені нарық емес, мемлекет өзі реттеп отырғандықтан болды. Яғни оның курсы жасанды түрде, түрлі саяси нақандарға (мысалы, сайлау) қатысты қолдан ұсталып отырды. Теңгені қолдан ұстап тұру өте қымбат. Ашығын айтуымыз керек, сол жылдары бізде мемлекеттің алтын-қор резерві босқа жағылып кетті.

Енді нарық жағдайында мемлекет теңге бағамына резервтерін құртпайтын болады. Бірақ бұл мемлекет қор нарығында валюталық операциялармен айналыспайды деген сөз емес. Мысалы, Ұлттық Қордан республикалық бюджетке қаржы аударғанда, биржада қордан келген долларды теңгеге ауыстыру қажет болады. Оның іс-қимыл кестесі алдын ала жарияланады. Нарық қатысушылары бәрін көріп, бақылап жүреді. Яғни мемлекет валюта нарығында күтпеген іс-қимылдар жасамайды. Одан бөлек, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры керісінше халықтан теңгелей жиналған зейнетақы салымдарын бекітілген график бойынша долларға ауыстырып отырады.

Теңге бағамы қайдан шығады?

Теңге бағамы Қазақстан қор биржасының валюталық сауда-саттық алаңшасында саудаланады. Мысалы, теңгенің

ТЕҢГЕ БАҒАМЫ

неге құбылып тұрады?



құралады. Мысалы, ең төменгі мәміле бір долларға 473,5 теңге, ал жоғарғы мәміле долларына 480,2 болса, онда теңге құны сол сессия нәтижесінде 476,85 болып белгіленеді.

Мемлекет неге ресми бағам бекітеді?

«Егер теңге нарықтық жағдайда бағамдалса, неге Ұлттық банк теңгенің ресми курсы жариялайды?» деген сұрақ туатыны заңды. Оның нақты себебі бар. Ұлттық Банктің валюта бағамы биржадағы нарықтық бағамға сәйкес бекітіледі. Біздегі ішкі операциялар, төлемдер теңгемен жүретіндіктен, ресми курс шетел валютасымен келген табысқа теңгелей салық төлегенде, басқа да төлемдер жүргізгенде қажет болады. Барлық есеп-айырысулар осы ресми бағамды есепке ала отырып жүргізіледі.

Жоғары не төмен болуына не әсер етеді?

Кез келген валюта сияқты теңгеге сыртқы және ішкі факторлар әсер етеді. Қазіргі құбылуға ықпал еткен сыртқы факторлардың ішінде доллардың жаһандық нығаюы және оның салдарынан дамушы елдер валюталары индексінің төмендегенін, рубльдің долларға қатысты әлсіреуін атап өтуге болады. Ішкі факторлар дегенде квазимемлекеттік компанияларды валюталық түсімдерін сатуды міндеттеудің күшін жойғанын атап өтуге болады.

Егер жүйелі түрде қарасақ, теңгеге мұнайдың әлемдік нарықтағы бағасының ықпалы зор. Баға қымбат болса, валюталық түсімдеріміз көп болып, сыртқы сауда балансы біз үшін жағымды болады. Яғни экспорттымыздың ақшалай көлемі импорттан асып тұруы тиіс. Ал жалпы алғанда, ұлттық валюта ахуалы сол елдің экономикалық қуатына тікелей байланысты. Сол себепті, ішкі өндірісті арттыру, шикізаттық тәуелділіктен кету аса маңызды болып отыр.

Айбар ОЛЖАЕВ,
сарапшы.





● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

«Оңаймен» оңай

немесе электронды төлем картасы туралы бірер сөз

Қазір қалтаңызда цифрлы төлем картасы немесе ұялы телефоныңызда мобильді қосымша болса, Алматы автобустарында, троллейбуста, метрода жүру құны 100 теңге. Ал картаңыз, мобильді қосымшаңыз болмаса, жүргізушіге қолма-қол 200 теңге төлеп, қолыңызға түбіртек-билетіңізді аласыз. Қайсысы тиімді? Әрине, картамен төлейтін 100 теңге тиімді. Ал күніге бірнеше көлікке отыратын болсаңыз, қолма-қол төленетін 200 теңге қалтаңызға әжептәуір салмақ салатыны анық.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

АСПАНДА ДА, ЖЕРДЕ ДЕ...

№203 автобуста келе жатырмыз. Кезекті аялдамадан есік ашылғанда, «Саламатсыздар ма, құрметті жолаушылар! «Оңай» карталарыңызды, билеттеріңізді, смс-төлемдеріңізді тексеріске дайындап отырыңыздар!» деген дауыс саңқ ете қалды. «Оңай» деген жазуы бар сары жилет киген жігіт дереу тексеріске көшті. Бәріміз тәртіпті оқушыдай, қалтамызға қарай жүгіріп, біріміз жол жүру картамызды, енді біріміз билетімізді шығара бастадық. Жанымда отырған әйел:

– Қайта-қайта тексере бересіңдер ме?! Қазір ғана тексердіңдер ғой! – деп сөйлеп қалды.

– Анай, бұл – менің жұмысым. Ол тексерістен бері жолай қаншама адам кіріп, қаншама жолаушы шығып жатыр. Тексеруге міндеттіміз, – деп, әлгі бақылаушы жігіт қолындағы аппаратына біздің «Оңай» картамызды тақап, «диң» деген дыбыс шыққан соң ары қарай кете барды.

«Осы бақылаушылардың жұмысы қалай реттеледі екен? Күніге қанша билетті тексергендігі туралы ақпарат әлгі қолындағы аппаратқа жазылып қала ма сонда, есепті сол бойынша беретін болып тұр-ау» деп қоямын іштей журналистік әуестікпен.

Аялдамаға түсе бергенімде, қарсы алдымда әлгіндей сары жилет киген екі тексеруші тұр екен. Сөзге тарттым. Мақпал есімді бақылаушы ақкөңіл әйел салдырылап ала жөнелді.

– Сегіз сағат линияда боламыз. Өзімізге тиесілі автобус маршруттары бар, соған мініп, түсіп, тексеріп отырамыз.

– Жол ақысын төлемегендерді қайтесіздер?

– Түсіріп кетеміз.

– Бәлкім, шын мәнінде ол адам ақшадан қысылып тұрған шығар, жағдайына қарайсыздар ма?

– Қарайтын несі бар, қазір кез келген адамда ұялы телефон бар, туысына, не танысына хабарласа салуына болады. «Kaspi Gold» деген тағы бар. Көшелерде терминалдар да толып тұр. «Оңай» картаңызға күндіз

бе, түн бе, қарамайсыз, аспанда да, жерде де ақша сала бересіз, – деді қолында электронды тексеру аппараты бар Мәдина.

Иә, рас. Басы-артық айтар уәжіміз жоқ. Міне, цифрландырудың жемісі!

АЛМАТЫ – ЭЛЕКТРОНДЫ КАРТАҒА КӨШКЕН АЛҒАШҚЫ ҚАЛА

Жалпы, Алматы қаласының тұрғындары «Оңай» көлік картасы жүйесіне осыдан тура 7 жыл бұрын, 2016 жылы көшкен болатын.

Әлемнің ірі қалаларында осыған ұқсас төлем жүйелері бұрыннан бар. Мәселен, Ресейдің Мәскеу қаласында «Тройка» қоғамдық көлік картасы қолданыста. Лондонда – «Oyster», Стамбулда «IstanbulKart» дейді. Сингапур, Гонконг немесе Оңтүстік-Шығыс Азиядағы дамыған мемлекеттердің барлығы карта арқылы жол ақысын төлеу жүйесіне әлдеқашан көшіп алған.

Алматы – Қазақстандағы электронды карта жүйесіне көшкен алғашқы қала. Ал аталған жүйені енгізудегі басты мақсат – қоғамдық көлікпен тасымалдау саласындағы қаржы айналымын көлеңкелі нарықтан шығарып, сол арқылы қала бюджетіне түсетін қаражат көлемін арттыру болатын. Сол сенім ақталды ма? Ол туралы сәл кейінірек.

КӨЛЕҢКЕЛІ БИЗНЕСТІ «СУ БЕТІНЕ» ШЫҒАРДЫ

Есіңізде ме, осы «Оңай» төлем жүйесі ең алғаш енгізілгенде тұрғындардың басым көпшілігінің наразылық білдіргені? Тіпті, қолма-қол ақшадан қағылған жеке меншік автопарк жүргізушілерінің арасында жолға шықпаймыз деп мінез көрсеткендері де бар. Алғашқыда әр қоғамдық көліктің кондукторы кассалық аппарат арқылы билет кесіп бергенімен, онысын кейде түсіп бара жатқан жолаушыдан қайтарып алып, келесі жолаушыға ұсына қоятынын да көз көрді.

Иә, қала жұрты алғашында жаңа жүйеге тосырқай қарап, сенімсіздік танытты. Бұрынғыдай қолма-қол ақша төлегенді қолайлы көрді. Бірақ қала билігі шегінген жоқ, арнайы рейдтер ұйымдастырып, нәтижесінде жол ақысын төлемеген жолаушылардың әрқайсысына екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни 4242 теңге айыппұл сала бастады. Сондай-ақ, автобус жүргізушісі көлігінде электронды билет құрылғысы бұзылып қалғанына қарамастан бағытын жалғастырып, жолаушылардан қолма-қол ақша алғаны анықталса, 10 605 теңге көлемінде айыппұл арқалады.

Айтпақшы, осы жүйені енгізуде сарапшылар қолма-қол төлем кезіндегі түсімнің 30%-ы жекелеген адамдардың қалтасына кетіп жатыр деп болжап келген. Ал «Оңай» енгізілгенде қолма-қол төлемнен түскен пайданың 60%-дан астамы жеке қалтаға кетіп жатқаны әшкере болған.

«Оңай» картасы алғаш қолданысқа енген 10 күн ішінде-ақ қала бюджетіне 67 млн теңгеден астам қаржы түскен екен.

ЖОЛ АҚЫСЫН ЖЕМЕҢІЗ!

«Оңай» төлем жүйесі қыруар қаржыны көлеңкелі экономиканың қалтарысынан шығарып, қаладағы тозығы жетіп салдырлап




● «АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ»

ОНЛАЙН-СЕРВИС

коммуналдық қызметтермен автоматты түрде шарт жасасуға жол ашты

Алматы қаласында биылғы 9 қарашадан бастап коммуналдық қызметтермен автоматты шарт жасасудың онлайн-сервисі іске қосылды.



Коммуналдық қызмет ұсынушылармен автоматты түрде шарт жасасу рәсімін жеңілдету және онлайн-сервисі енгізу үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Алматы қаласының әкімдігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің қолдауымен «Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры» ақпараттық жүйесін коммуналдық қызметтер сервисімен және мобильді азаматтар базасымен интеграциялады.

«Баспана сатып алғаннан кейін алматылықтарға *ialma* сайтына сілтеме жасай отырып, коммуналдық қызметтермен автоматты режимде шарт жасасу мүмкіндігі туралы айтылған құттықтау SMS-хабарламасы келеді. Меншік иесі келісім берген жағдайда ақпарат автоматты түрде «Қалалық қызметтер порталы» ақпараттық жүйесіне беріледі. Одан кейін мүлік иесіне дайын құжатқа сілтеме көрсетілген SMS жіберіледі. Біз бұл онлайн-сервисі 2022 жылдың 16 қыркүйегінен бастап Астана қаласында сәтті жүзеге асырып келеміз. Сервис іске қосылған сәттен бастап елордада 80 мыңнан астам қызмет көрсетілді», – деп атап өтті «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Басқармасының төрағасы Арман Кенжеғалиев.

Айта кетейік, коммуналдық қызметтерді жеткізушілермен автоматты шарт жасасудың онлайн-сервисін жыл соңына дейін Жетісу, Қызылорда, Маңғыстау және Түркістан облыстарында енгізу жоспарлануда. Қалған өңірлер жүйеге 2024 жылдың 1 тоқсанының соңына дейін қосылады деп жоспарланып отыр.

● ИННОВАЦИЯ

Кітапханаларда оқу машиналары пайда болды

Алматының 4 кітапханасында зағип және көру қабілеті нашар адамдарға арналған арнайы жабдық орнатылды. Ол мәтін түріндегі ақпаратты қолжетімді форматқа ауыстырып, өңдейді. Бұл оқуға ыңғайлы әрі тиімді.



Тактильді басқару түймесі бар құрылғы мәтінді оқу камерасымен жабдықталған. Оқу машинасы құжаттағы, кітаптағы және журналдағы мәтінді сканерлеп, монитордағы суретті үлкейтіп, оны жоғары дәлдікпен әрі аудиоформат түрінде анық бере алады.

Мәтін бойынша іздеу пайдаланушыларға мәтінді жылжытуға, бөлім мен параққа ауысуға көмектеседі. Бұл оқу және зерттеу үдерісін жеңілдетеді.

Оқу машиналары әзірге А.П.Чехов атындағы орталық қалалық кітапханада, Alatau Creative Hub, Қазақстан Жазушылары кітапханасы мен №4 кітапхана филиалында орнатылған. Келесі жылы мегаполистегі басқа кітапханаларды да осындай құрылғылармен жабдықтау жоспарланып отыр.

Нұр ЖАМАЛ.

● **ФОРУМ**

Алматының Бас жоспары:

БЕС ЖАҢА ПОЛИОРТАЛЫҚ

мегаполистің біркелкі және теңгерімді дамуына тың серпін береді және оның тұрғындарының өмір сүру сапасының тұрақты өсуін қамтамасыз етеді



**Досбол
АТАЖАН**

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Алматы халқымен кездесуінде «мегаполистің барлық ауданын біркелкі дамыту мәселесіне ерекше назар аудару қажет» деп атап өтті. Тапсырмаларды орындау барысында өткен жылдың соңында «Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалар» қабылданды. Бағдарлама жеті негізгі қағидатқа негізделген: жайлы қалалық орта, тұрақты экономикалық өсу, басқарылатын урбанизация, әлеуметтік тұрақтылық пен орнықтылық, «Жасыл Алматы», Smart City және қауіпсіз қала. Оның негізінде 2040 жылға дейінгі Бас жоспар әзірленіп, жұртшылықтың кең талқылауынан өткеннен кейін биыл мамыр айында Үкімет бекітті. Жаңа Бас жоспар мегаполис дамуының моноцентрлік моделінен полицентрлікке көшу принципіне негізделген. Бес жаңа полицентр тұрғындардың өмір сүру сапасының тұрақты өсуін қамтамасыз етіп, Алматының біркелкі және тепе-тең дамуына жаңа серпін береді, – деді Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев.

Сондай-ақ, шаһар басшысы қала сәулетін дамытып, заманауи стильдегі дизайнды қалыптастыру үшін жас сәулетшілер мен дизайнерлерге арнайы грант бөлінетінін хабарлады.

– Жаңа ерекше және ең озық идеяларға сәйкес келетін жобалар, дамыған дизайн мен жобалау компаниялары, сәулет бюролары, жаңа тенденцияларға ашық талантты жастар бар. Әкімдік өз тарапынан сәулетшілердің кәсіби қауымдастығының дамуына, әсіресе, жас әрі талантты мамандарға көмек көрсететінін айтқым келеді. Келесі жылы біз жас сәулетшілер мен дизайнерлерге арнайы грант бөліп, олардың қалалық жобаларға тапсырыс алуына көмектесіп, жан-жақты қолдау көрсетуді көздеп отырмыз.

Мен қалыптасқан жобалар мен институттар туралы айтып тұрған жоқпын. Біз ісін енді бастаған адамдарға назар аударғымыз келеді. Меніңше, бұл біздің тарапымыздан жақсы қолдау болады. Орта есеппен әрбір грантқа 5 млн теңгеге дейінгі сома бөлінеді. Мен біздің жаңа талантты жастарды инфрақұрылымдық емес, атап айтқанда, Алматының сәулеттік келбетін дамыту тұрғысынан үлкен жобаларды іске асыруға шақырғым келеді, – деді Ерболат Асқарбекұлы.

Форум аясында ұйымдастырылған қала құрылысының көрмесі стендтер мен экрандарда ұсынылды, онда сәулет тұжырымдамалары, қалпына келтіру жобалары, графика, мүсін және т.б. жобалар көрсетілді. Оған қоса, өткен форумдардың тарихы бойынша өмірден озған сала ардагерлерінің фотосуреттері бар тарихи еске алу аймағы құрылған. Көрменің заттай көрінісі – еліміздің барлық өңірлерінің қалалары мен ауылдарына орындалған жаңа қала құрылысы және сәулет жобалары, қоғамдық аймақтар, бульварлар, саябақтар мен скверлер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының таяу болашақтағы жобалары болды.

Айта кеткен жөн, еліміздің құрылысшыларының, сәулетшілерінің және қала құрылысшыларының кәсіби қоғамдастығының Алматы облысының жаңа әкімшілік орталығына үлкен қызығушылығына байланысты форум шеңберінде Қонаев қаласында көшпелі сессия өткізілуде. Қонаев қаласындағы көшпелі сессияда Алматы облысы G4 қаласының бас жоспарының жобасы және «Алматы қала-

сының қала маңы аймағы (Алматы агломерациясы) аумағының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасын өзектендіру» жобасы таныстырылды. Сондай-ақ, жаңа технологияларды пайдаланудың заманауи үрдістері: «Сәулетшінің жұмысындағы жасанды интеллект», құрылыс объектілерін жұмыс жобалаудағы BIM-технологиялар бойынша сессиялар өткізіліп жатыр.

Алматы қаласының жаңа Дизайн-коды белсенді түрде әзірленіп, талқыланып жатыр, ол осы жылдың соңына дейін қабылданады және қаланың үйлесімді келбетіне қол жеткізу және қала ландшафтына эстетика беру жолындағы тиімді құрал болады.

Форумның қорытынды бөлігінде соңғы жылдағы Қазақстан Республикасының өңірлерінде жүзеге асырылған үздік жобалар мен объектілер сыйлықпен марапатталады.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

● **ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ**

Эльвира БАКУБАЕВА,
«NAAW» сәулет бюросының негізін қалаушы:

АЛМАТЫНЫҢ ЗАМАНАУИ КЕЛБЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ҮЛЕСІМІЗДІ ҚОСАМЫЗ

– Қазіргі уақытта біз кафе-мейрамхана секілді шағын қалалық жобалармен айналысамыз. Бүгін әкімнің жас мамандарды тартуға ниет білдіргеніне өте қуаныштымыз. Біз Алматының заманауи келбетін қалыптастыруға өз үлесімізді қосамыз деп үміттенеміз. Біздің ұжым қалаға ірі жобалар ұсынуға дайын.

Меніңше, Алматы архитектурасында өзіндік бірегейліктің қалыптасуы өте маңызды. Алматыда кеңес дәуіріне дейін салынған ғимараттар бар, кеңес дәуірінің және 1990–2000 жылдар кезеңінің ғимараттары көп. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар. Осыны ескере отырып, бізге сәулет саласында Қазақстанның өз тілі қажет, Қазақстанның архитектурасы оның өзіндік бірегейлігі болған кезде танылатын болады.

Біздің компанияның мақсаты – қазақстандық сәулет өнерінің заманауи бірегейлігін қалыптастыру және зерделеу. Сәулетшінің міндеті – әдебиетті, тарихты зерттеу, жаңа идея енгізу. Ол үшін сәулетшілерге уақыт беру маңызды, өйткені бұл тез болатын процесс емес. Жобаға байланысты жан-жақты зерттеу жасап, дұрыс шешім қабылдау үшін кем дегенде алты ай қажет.


● **ТАРИХТАН ТӘБӘРІК**



ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ

қолжазбасының көшірмесі

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының мамандары Түркиядан табылған ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби қолжазбасының көшірмесін жарыққа шығарды. Ғылама ғалымның бірегей қолжазбасы Түркияға жасалған сапарда Сүлеймания кітапханасынан табылған.



«Музыка саласына кіріспе» еңбегі 1257 жылдың 3 маусымында жарық көрген. Араб тілінде жазылған қолжазба 243 беттен тұрады. Аталған туынды күні бүгінге дейін толық зерттелмеген. Реставратор маман Жансерік Бейсенқұловтың айтуынша, қолжазбаның көшірмесі табылғаннан кейін үш апта ішінде басып шығарылған.

Ал «Музыкалық салаға кіріспе» атты қолжазба үш бөлімнен тұрады. Еңбекте музыкалық өнердің принциптері, негізгі терминдер және музыка пәні қамтылған. Кітапта ойшыл музыкалық аспаптар мен әртүрлі әуендердің шығармаларына, категориясына және басқа да аспектілеріне кеңінен тоқталады.

Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының мамандары 2022 жылы «Архив-2025» жобасы аясында Ресей, Татарстан және Башқұртстан Республикалары, Түркия, Венгрия, Үндістан, Иран Ислам Республикасы, Мысыр және Катар мемлекеттеріне 11 ғылыми-іздістелу жұмыстарын жүргізді.

Мамандар тарихи құжаттарды зерттеу және сақтау бойынша түрлі жобаларды іске асырды. Олар отандық және шетелдік архивтер мен музейлерден кітапханалар мен ғылыми орталықтардан Қазақстан тарихы бойынша құжаттар мен материалдарды іздеу-анықтау, көшірмесін алу жұмыстарын жүргізіп, тарихи құжаттардың көшірмелерін елге әкелді.

Барлық құжаттарды ғылыми айналымға енгізу жоспарланып отыр. ҚР МАМ архив, құжаттама және кітап комитетінің төрағасы Қуат Бораш қазіргі таңда тарихымыздың ақтаңдақ беттерін түгендеп, тың деректермен толықтыру мақсатында елге жеткізілген қолжазбалар мен архивтік құжаттар мамандардың қатысуымен зерттеліп жатқанын мәлімдеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсы).



ФОЛЬКЛОР

«САЗГЕН САЗЫ»

қазақтың ән-күй өнерін ұлықтап келеді

Алматы қаласы әкімінің фольклорлы-этнографиялық «Сазген-сазы» ансамблі 40 жылдан бері халық музыкасын дәріптеп жүр. Көрнекті мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің тікелей басшылығымен 1981 жылы Ықылас атындағы республикалық қазақ халық аспаптары мұражайының жанынан құрылған «Сазген сазы» – ұмыт болған ұлттық аспаптарды насихаттап, ән мен күй мектебін жаңғыртып жүрген дәстүрлі фольклорлық ұжым.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Ансамбль репертуары тұтастай халық әндері мен күйлерінен, белгілі композиторлардың шығармаларынан тұрады. Көне аспаптардың барлық түрі арқылы ұлттық музыкамен шектеліп қалмай, әлемдік классиканы, шетелдік музыканы да орындайды. Қазақтың ұлттық аспаптарының мүмкіндігі ұлттың әні мен күйінен бөлек, шет елдік туындыларды да шебер орындауға жетеді. Мұның айқын дәлелі – «Сазген сазы» ансамблінің репертуарындағы жапон, кәріс, батыс, т.б. халықтардың классикалық жауһарлары мен джаз музыкасы. Қазір бағзы дәуір сазына деген сұраныс тіптен артқан. Ұжымдағы 20 өнерпаз қазақ этнографиясы мен фольклорын 30-ға жуық ұлттық аспап арқылы әлемге танытып келеді. Ансамбльдің өзіне тән басты ерекшелігі – әрбір музыканттың бір емес, бірнеше музыкалық аспапта ойнауында. Ансамбль аспаптары – қазақтың халық аспаптары – сыбызғы, жетіген, сазсырнай, шертер, ежелгі ұмыт бола бастаған, ал қазіргі күні қайта жаңғырып келе жатқан аспаптар – адырна, сазген, нарқобыз және ұрмалы аспаптардың бірнеше түрі (шартылдақ, сақпан, аса таяқ, тұяқ тас, қоңырау, дабыл, даңғыра т.б.).

«Сазген сазы» репертуарын әрдайым толықтырып, жаңартып отырады. Кәсіби музыканттар қай кезде де шығармашылық ізденіс үстінде. 2021 жылы ансамбль Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен алғаш рет «Наурыз–2021» премиясымен марапатталды. Кейінгі кезде халық әндерінің әуенін жеке композиция ретінде және инструменталдық нұсқада орындап жүр. Осылайша қазақ музыканттары әлем жұртын тамсантады. Швейцария, Югославия, Үндістан, Америка Құрама Штаттары, Түркия, Германия, Жапония, т.б. әлемнің үздік сахналарында бірнеше мәрте өнер көрсеткен. Енді міне, 13 қарашада қазақтың этно-музыкасымен Корея тыңдармандарын тәнті етпек.

Музыка арқылы бабалар үшін насихаттап жүрген ұжымның Кореядағы концертке соңғы дайындығына куә болдық. Қазақтың ұлттық аспаптары терең, жуан, жұмсақ әрі қоңыр дыбысымен ерекшеленеді. Әр композицияны орындағанда барлық аспаптың үні дәлме-дәл шығады. Кейбірінен дала дауысы естіледі.

Музыкалық аспаптардың әрқайсысының тарихы бар. Бұрын көшпелілерде дауылпаз бен шыңдауыл сияқты ұрмалы аспаптар кең таралған. Бұл аспаптардың тарихын бақсылықпен байланыстырып жатады. Аңға шыққанда, көшке дайындықты ескерткенде, әскери жорықтарда және діни жоралғылар кезінде көне халық ұрмалы аспаптарды пайдаланған. Себебі, дабылдың зор дауысы бірнеше шақырым жерге дейін естілетін болған. Ұлттық аспаптар негізінен 5 түрге (ішекті, ыспалы, ұрмалы, үрмелі, тілшелі) бөлінеді. Зерттеуші-ғалымдардың пікірінше, адамзат тарихында ең алғаш ұрмалы аспаптар пайда болған.

Қобыздың мұңды дауысы, сыршыл домбыра, сазды сыбызғы, тағысын-тағы аспаптарға жан біткенде одан шыққан үн тынымсыз ойынды тұңғыққа жетелейді. «Сазген сазы» фольклорлы-этнографиялық ансамблі 2003 жылдан бері «Алматы әуендері» концерттік бірлестігінің құрамына кіреді. Репертуарында 2 мыңға жуық шығарма бар. Солардың ішінде халық күйлерінен құралған «Аспаптар шеруі» композициясы – «Сазген сазы» ансамблінің жеке тәлкежаты.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Бағдат ТІЛЕГЕНОВ,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Сазген сазы» фольклорлы-этнографиялық ансамблінің көркемдік жетекшісі:

ЖЕТІ ҒАСЫР ҮНСІЗ ЖАТҚАН АСПАП

Болат Сарыбаевтың арқасында қайта жаңғырды

Аңызға айналған ансамбль

«Сазген сазы» – алғаш құрылған фольклорлық ансамбльдердің бірі. Өзбекәлі Жәнібеков 1970 жылдары Торғай облыстық партия комитетінің хатшысы болып тұрған кезде қазіргі Арқалық қаласында драма театр мен «Шертер» атты алғашқы фольклорлы-этнографиялық ансамбль ашылды. 1981 жылы училищені бітіре салып, Құрманғазы атындағы консерваторияға алыт-қобыз мамандығына оқуға түстім. Кейін «Сазген сазына» қобызшы болып орналастым. Көп ұзамай, екі жылдан кейін көркемдік жетекші қызметіне тағайындалдым. Өзбекәлі аға филармония жұмысын тікелей өзі қадағалап, бағыт-бағдар беріп отыратын. Филармония құрамында «Адырна», «Сазген» фольклорлы-этнографиялық ансамбльдері, «Алтынай» халықтық би ансамблі, «Арқас» атты заманауи эстрада тобы болды. «Сазгеннің» ең бірінші көркемдік жетекшісі – Жарқын Шәкәрім. Талантты композитор, ән әрлеуші Мұрат Жұмашев, жеке әншілерден Мәдина Ералиева, Ақжол Мейірбеков, Нағима Есқалиева жұмыс істеді.

Қазақтың көне аспаптарын жаңғыртқан

Өзбекәлі ағамен бірге музыкалық мұраны қайта қолданысқа енгізу үшін Болат Сарыбаев барын салды. Ұмыт болған ұлттық аспаптардың үнін естіртті. Аспап жасайтын шеберлерге адырна, жетіген, шертер, сазсырнай, сыбызғы жасатты. Фольклорлық ансамбльдер үшін төменгі регистрді беретін бас домбыраны қосты. Қазақстанның түкпір-түкпірінен көне аспаптарды жинап, зерттеді.

Кеңес Одағы кезінде қазақта 2-ақ аспап болған деп айтылып жүрді. Олар – қобыз бен домбыра. Қобыздың өзі репрессияға ұшырап, «ол – бақсылардың аспабы, қолдануға болмайды» деген теріс көзқарас бар еді. Оған қарсы жұмыс жүргізілді. Әсіресе, 60-70 жылдары қазақтың қобызы қатты қысымға ұшырады. Халық аспаптарының жалпы саны – 30-дан асады. Бірақ уақыт өте келе кейбір аспаптар заманға сай өзгеріске ұшырады. Кейбіреуінің қажеттелігі болмай қалды. Бұрын кернейдің үлкендігі 2 метр болған. Қазір алып жүруге ыңғайлы болуы үшін кішкентай нұсқасын жасап шығарды. Бірақ аспаптардың бәрінің түпнұсқасы Ықылас атындағы халық аспаптары музейінде сақтаулы тұр. Ал қолданыста жүрген 20-ға жуық аспаптың бәрін біздің ансамбль қолданады.

Қазақта жалпы халық әндері мен авторлық әндерді қосқанда 20 мыңға жуық ән, 10 мыңға жуық күй бары айтылады. Одан басқа, айтыс, терме, қисса мен дастан, т.б., айта берсең ұлттық мұрамыз жетерлік. Олардың біразын ансамбль шығармашылығына бағыттап, оркестрге келтіруге

болады. Келеді-ау деген терме-жырларды алып, инструменталдық нұсқасын шығарып орындаймыз.

Келгенімізге 4-5 күн болды, Республика күніне орай еліміздегі үш елшіліктің шақыруымен, шет елде концерт бердік. Әрбір концертте концерт залы лық толы болады. Көрерменнің ыстық ықыласы сахнаға шығып келе жатқанда-ақ байқалады. Себебі, музыканттардың ұлттық нақыштағы сахналық киімі ерекше көзге түседі. Костюм туралы сөз қозғағанда, тағы да Болат ағаның есімін айта кету керек. Ол кісі өнерпаздарға сахналық костюм тіккізгенде киімнің матасына, ою-өрнегіне баса назар аударатын. Қазақы киімнің бәріне бағттып ою жапсыруды ата-баба мұрасына жасалған қиянат деп білді. Текемет пен киізге жапсыратын ою-өрнекті киімге қолдануға болмайтынын айтып кеткен еді. Қазақы киімнің әнін, әсемдігін, ерекшелігін сақтауға мән берді. Былғарыдан тігілген саптама етік ағаның тапсырысымен тігілді. Бояуы қанық, ою-өрнегі талғаммен таңдалған.

Бір күні филармонияға келіп, біздің қалжыңдасып, басы қайқы келетін саптама етікті оғаш көріп, айтып отырғанымызды естіп қалды. Сонда Өзаға: «саптама етіктің басы қайқы болуы тегіннен-тегін емес. Басы неге қайқы? Табиғатты кәстерлеген қазақ Жер-Ананы құрметтеген. «Жер-Анамды теппеймін» деп, басын қайқы қылып саптама етік тігілген» деп түсіндірген еді. Аяқкиімнің өзін үлкен философиямен тіккен қазақтың даналығына қалай таңғалмайсың?!

Түпнұсқадан ажырамаса екен

Репертуар шыңы – қазақ күйлері. Негізгі басымдықты халық әндері мен халық күйлеріне береміз. Бағзы дәуір сазына деген ықылас артқаны қуантады.

Қазір қазақтың ән-күйлерін неше түрлі заманауи бағытқа салып, құбылттып орындап жүр. Оған қарсы емеспін. Бірақ түпнұсқасын бұзбай орындаса екен. Бояуын, үнін аса қатты өзгеріске ұшыратпау керек деп ойлаймын. Домбыраны эстрадалық бағытқа нақыштап, өңдеп орындап жүр. Сол сияқты, жетіген, қобыз сияқты аспаптардың үнімен әрлеуге болады. Бірақ оның түпнұсқасын бұзбау керек. Домбыраның қоңыр үнін жоғалтпауымыз керек. Үлкен кісілердің өзі үскірік пен нарқобыздың қандай аспап екенін білмейді. Шіңкілдекті танымайды. Ал жастар оны қайдан білсін?! Сондықтан көбіне концерттерімізді лекция-концерт етіп өткіземіз. Мектептерге, оқу орындарына барып, көне, танымал емес аспаптардың үнін танытып, тарихын түсіндіреміз.

Мысалы, сазсырнайды 60-жылдарға дейін ешкім білмеген. XX ғасырдың орта кезінде Отырар қаласындағы қазба жұмыстары кезінде археологтардың қолына қыштан жасалған ойыншыққа ұқсайтын бір бұйым түседі. Бірақ мамандарда оның ойыншық екеніне күмән болады. Сөйтіп, ол Болат Сарыбаевтың қолына тиеді. Аспапты зерттеп, оған сазсырнай деген атау береді. XIII ғасырдан XX ғасырға дейін жеті ғасыр бойы үнсіз жатқан аспапты қайтадан дүниеге алып келді.



ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

Алматы қаласының кішкентай тұрғындары үшін Оқушылар сарайының орны ерекше. Тау етегіндегі балалардың бақытты мекені дәл қазіргі кезеңде адам танымастай өзгерген. Мәселен, мұнда бір ай ішінде 60 мыңнан астам оқушының робототехниканы, дрондарды басқаруды үйренуге және өзге үйірмелерге қатысуына барлық жағдай жасалған.

ОҚУШЫЛАР САРАЙЫ

тарихи келбетін сақтап,
озық қызмет түріне көшті

Ширек ғасырға жуық тарихы бар Оқушылар сарайы бүгінде өз дамуының жаңа кезеңіне аяқ басып отыр. Алматы әкімдігінің қолдауымен жобалық кеңсе аясында осынау қосымша білім беру мекемесі өз тарихында ауқымды модернизацияланудың екі кезеңін іске асырып, өзінің қызмет көрсету мүмкіндігін арттырды. Дәл қазіргі кезде нысанның алаңы 35 мың шаршы метрден асады. Қала оқушылары үшін зымыран жасау және аэроорталық, планетарий, VR және дрондарды басқару зертханасы, физика, химия, биология және гидророботика бойынша ғылыми зертханалар, сондай-ақ робот жасау, IT-бағдарламалау және басқа да ұшыру алаңдары бойынша үйірмелер ашылды.

Сондай-ақ, спорттық, көркемдік, әлеуметтік-педагогикалық бағыттағы жаңа үйірмелер іске қосылып отыр. Бұл пайдалы үйірмелер енді аптасына 15 мыңнан астам алматылық оқушыны, ал күніне 3000-ға жуық баланы қабылдай алады. Міне, модернизацияланудан кейін Оқушылар сарайының жобалық қуаты осындай мүмкіндікке ие болып отыр. Қаламыздағы ең көркем ғимараттың бірі саналатын Оқушылар сарайының қабырғасы 1983 жылы қаланған. Әрі бұл ғимарат қаламыздағы ең көркем, тарихи маңызы бар сәулет нысаны болып табылады. Кезінде Оқушылар сара-

йының ашылу салтанатына қазақтың біртуар кемеңгері Димаш Ахметұлының өзі арнайы қатысқан еді.

Тарихы терең Оқушылар сарайының құрамы 2019 жылы тағы да толығына түсті. Алматы әкімдігінің қаулысына сәйкес, оның құрамына Туристер мен натуралистер станциялары, №12 балалар музыкалық мектебі және №4 джаз балалар музыкалық мектебі өздерінің материалдық базасымен және қаржыландыруымен қосылды. Өткен жылы Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен Оқушылар сарайының маңындағы скверді абаттандыру жұмысы аяқталды.

Сондай-ақ, Оқушылар сарайының маңайы самаладай жарқырап, сыртқы жарықтандыру түгелдей қайта ауыстырылды. Алаңқайға жаңа ағаштар мен гүлзарлар отырғызылды, қоғалдандыру жүргізілді, суару жүйесі тартылып, жабындылар төселді. Сондай-ақ, жаңа орындар мен урналар орнатылып, субұрқақ салынды.

Осылайша қаламыздың кішкентай тұрғындарының ғана емес, қарияларымыздың да сүйікті демалыс орнына айналып отыр. Қазіргі таңда заманауи үлгідегі Оқушылар сарайы өзінің тарихи келбетін сақтап, озық қызмет түріне көшті. Екінші тынысы ашылды деген осы. Қосымша білім мекемесінің мазмұны да, маңызы да арта түсті.



ИНКЛЮЗИВ

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ
сапасы артып келеді

Алматы қаласында инклюзивті білім беруді іске асыратын мектептер саны артып келеді. Қазіргі таңда қаламыздағы 182 мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту үшін оларға жан-жақты жағдай жасалған. Бұған қоса, биылғы 2023-2024 оқу жылында тағы да қосымша 16 мектеп базасында инклюзивті білім беру қолға алынды.

Мәселен, Алматыда 2020-2021 оқу жылында 3672 бала инклюзивті білім берумен қамтылса, 2022-2023 оқу жылында 4632 бала қамтылды. Қазір қаламыздағы 185 мектепте ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды қолдау бойынша кабинеттер жұмыс істеп жатыр. Олардың 8-і аудандардың тірек мектептері болып табылады.

Бұл – №82, 75, 116, 63, 87, 64, 174, 74 мектептер. Сонымен қатар, бұл мектептер ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс істейтін педагогтарға да әдістемелік көмек көрсетеді. Осыдан

біраз уақыт бұрын «Білім берудегі жаңа технологиялардың қалалық ғылыми-әдістемелік орталығының» базасында инклюзивті ресурстық орталық (ИРО) ашылды. Сондай-ақ, инклюзивті білім беруді іске асыратын жалпы білім беретін мектептердің 600 педагогы біліктілігін арттыру үшін арнайы курстардан өтуді бастады.

Қазіргі уақытта мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсететін жеке ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін конкурс жарияланды.

ПАТРИОТТЫҚ РУХ

«ЖАС ҰЛАН»

балалар және жасөспірімдер ұйымы



Бір кездері еліміздің ең тәртіпті де тәрбиелі, білімді балалары октябрат, пионер, сосын комсомол қатарына қабылданатын жақсы үрдіс болды. Ең бастысы, аталмыш қатарға қабылданатын оқушы сапалы білімімен қатар, қоғамдық жұмыстарға да белсене атсалысатын еді. Дәл қазіргі берекелі, бейбіт заманда өмір сүріп жатқан кез келген қарияның балалық шағы туралы сұрай қалсаңыз, міндетті түрде осы белестерді бағындырған болып шығады. Сонымен қатар, «Тимуршылар командасына» мүше болып, жалғыздікті қарияларға көмек көрсету де осы балалардың құрметті міндеттерінің бірі болатын. Заман жаңарып, уақыт көші ілгерілеген сайын бұл үрдістер де ескірді. Ең бастысы, біз әлі күнге дейін сол ақиқаттың аңызға айналғанын айтамыз. Дегенмен, біздің елімізде жастарды патриоттық рухта тәрбиелейтін, отаншылдыққа баулитын республикалық бірыңғай «Жас ұлан» балалар және жасөспірімдер ұйымы құрылған еді.

Әрине, бұл ұйым өз алдына дербес қоғамдық ұйым болып табылады. Кезінде «Нұр Отанның» ХДП ХІІІ съезінде Қазақстанның жас азаматтарының басын біріктіретін «Жас ұлан» бірыңғай балалар ұйымының жаңа жүйесін құру керектігі туралы бастама көтерілген болатын. Көп ұзамай елорда күні қарсаңында «Бірыңғай «Жас ұлан»

балалар мен жасөспірімдер ұйымы» атты республикалық қоғамдық бірлестік құрылды. Іле-шала «Жас ұлан» ұйымының құрылтайы өтті. Сол жолы ұйымның Кеңес мүшелері, жұмыс жоспары қабылданып, ресми нышандары бекітілді. Алғаш рет Астана қаласындағы №66 мектепте «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының алғашқы

мүшелері салтанатты түрде қабылданды.

Жалпы, «Жас ұлан» – өскелең ұрпақты жоғары рухани адамгершілік қасиеттер мен құндылықтарға, демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуге бағытталған ұйым. Бұл ұйым өз қызметінде ҚР Конституциясын, заңнамасы және де басқа нормативтік құқықтық актілерін, ратификацияланған халықаралық актілерді басшылыққа алады.

Сонымен қатар, аталмыш ұйымның басты міндетіне қазақ халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілікті қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналығын арттыру, танымдық жұмыстарды ынталандыру, балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін жағдай жасау, жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту да кіреді.

Сондай-ақ, ту, галстуг, төсбелгі, эмблема – «Жас ұлан» ұйымының рәміздері болып табылады. Мектеп оқушылары аталмыш ұйымға жылына үш рет – «1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні», «Республика күні», «Тәуелсіздік күні» қабылданады. Бұл күні ұйымға мүше болған оқушылар «Жас ұлан» ұйымының қатарына қабылдану үшін ант қабылдап, онда ұйымның ережесін бұлжытпай сақтауға және оны өз достарынан талап етуге, отандастарымыздың даңқты ерлігі, өнегесі негізінде ерлікке үйренуге және Отанға шексіз қызмет етуге дайын екендіктерін баяндайды.

Жақында ғана Алматы қаласының ең тәртіпті, оқуда озат оқушылары «Жас ұлан» ұйымының қатарына қабылданды.

ҚАМҚОРШЫ КҮНІ

ҚОЛДАН КЕЛСЕ, ҚОЛДАП ЖҮРІҢІЗ!

Кейінгі кездері «қоғам қатыгезденіп барады, адамнан мейірім, жақыннан жылулық кетті» деген сарындағы сөздерді жиі еститін болдық. Жақында бір баспасөз бетінде «қарттар үйі мен балалар үйі» паналағандар арасында біздің ұлттың үлесі басым екені айтылыпты. Осындайда «бұл қалай болған, бір кездері өз қанынан жаралған ұрпағын жатқа бермей, одан қалса, өзгенің жетім қалған көгенкөзін бауырына басып, жүрек жылуын аямайтын дархандығымыз қайда?» деген ой келеді екен. Халқымыз сонау сұм заманда да, соғысты жылдары жер аударылып келген өзге ұлт балаларына дейін жетімсіретпей бауырына басты емес пе?



Сол қайырым мен мейірім біздің қанымыздан сарқыла бастаған ба деп қорқады екенсің. Дегенмен, біздің қоғамда жаны да, жүрегі де жұмсақ жандар көп. Осындай жандар үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі «Балалардың құқықтарын қорғау» комитеті 2014

жылғы 16 қыркүйектегі бұйрығымен 29 қазанды – «Қамқоршы күні» мерекесі деп жариялаған еді. Осынау атаулы күнге орай Алатау ауданындағы №181 жалпы білім беретін мектепте арнайы кеш ұйымдастырылды.

Аталмыш кешке ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды

тәрбиелеп отырған қамқоршылар шақырылды. Өз кезегінде аталмыш іс-шара өз отбасына бала асырап алуға тілек білдіретін азаматтардың (қамқоршылық, қорғаншылық, бала асырап алу) санын көбейту үшін түсіндірме жұмыстарын да қоса жүргізді.

Мерекеледе Алатау ауданы әкімінің орынбасары Бектас Ерланұлы, Алатау ауданының прокуроры Қуаныш Айтжанқызы, Алатау ауданының аға прокуроры Ербол Ғалымжанұлы, қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары Бибігүл Малғаждарова, Алатау ауданы «Бақытты отбасы» аналарды қолдау орталығының басшысы Ақмарал Мендыханақызы, аудандық білім бөлімінің басшысы Қарлығаш Ақмұрзаева қатысып, қоғамдағы қамқоршылардың орны мен атқарып отырған сауапты істері туралы жан-жақты тоқталды.

– Қоғам болған соң оның өзекті мәселелері болады. Сол қоғамның бір бөлшегі болғандықтан, біз де бұл істен алшақ болмауымыз керек, – дейді ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, мектеп директоры Жәнісқұл Сатаева. Мерекесі барысында тағдырлары таласқа түскен жандарға өз мейірімін төгіп, қоғамның дамуына ықпалын тигізіп жүрген жандарға мақтау қағаздарын табыс етті. Мерекелік іс-шара соңы мектеп ұжымының концерттік бағдарламасына ұласты.

Бетгі әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

ОТАНДЫҚ АДВОКАТУРА

тәуелсіз құрылымға айналуы керек



Уәкілетті органдар ықпалын азайтса...

– Алма Отарбайқызы, елімізге адвокаттардың құқығын қорғайтын арнайы Конституциялық заң қажет екені айтылып жүр. Әр азаматтың білікті заңгерлік көмек алуға құқығы бары бас құжатта анық жазылған. Бұл тікелей адвокатура институтына жүктеледі. Біздегі адвокаттар алқасының құқықтық мәртебесі қандай?

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында заң мен тәртіпті қамтамасыз етудің негізі ретінде заң үстемдігі мен сапалы сот төрелігін атады.

«Қоғамда заң үстемдігі берік орнығып, сот төрелігі әділ атқарылуы қажет. Осыған орай, қазылар қауымын шұғыл түрде қайта іріктеп, жаңартып жасақтау керек. Қазылар жоғары білікті, адал, сондай-ақ, жемқорлықтан таза болуы қажет. Ең алдымен, барлық судьяның мәртебесін теңестірген жөн. Олар өзінен жоғары тұрған өріптерлеріне тәуелді болмауы керек», – деді Мемлекет басшысы.

Сот жүйесіндегі негізгі қағида – әділ төрелік пен заң үстемдігі. Құқық қорғау органдарының жұмысын күшейту сот жүйесін демократияландыруға және оған қоғамның сенімін арттыруға жол ашады. Қазір ел азаматтарының құқықтық мәдениетін қалыптастыру – өзекті мәселелердің бірі. Осы ретте адвокаттың көтерген жүгі ауыр.

Иә, кейінгі кезде адвокаттар өзінің мәртебесі жайлы мәселені жиі көтеріп жүр. Ең маңыздысы – уәкілетті органның адвокатураға ықпалын азайту. Яғни адвокаттар қылмыстық істер бойынша күдікті мен айыптының заңды құқығын қорғау үшін қажетті акпаратты жинауда кедергі көп. Кейбір қылмыстық іс құжаттарымен толық танысу үшін мүлдем мүмкіндік жоқ деуге болады. Тіпті, адвокаттарға қатысты қылмыстық қудалау, адвокаттың қорғауындағы тұлғаға қатысты қылмыстық іс бойынша адвокаттан жауап алуға дейін барады. Құқық қорғау органдары мұндай әрекеттер заң талабына қайшы екенін біле тұра, жол беруі – елдегі адвокат мәртебесінің әлі де төмен екендігін көрсетеді.

Адвокаттардың мәртебесін көтеру үшін ең алдымен мемлекеттік органдар мен соттар өз құзыретінің шеңберінде қорғаушының құқығын бұзылмауын қадағалауы керек. Ал адвокаттар алқасына келсек, бұл ұйым коммерциялық емес, адвокаттардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғап, заңда белгіленген басқа да құрылымдарды орындау үшін құрылған.

Өздеріңіз білетіндей, бізде республикалық адвокаттар алқасы, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың адвокаттар алқасы жұмыс істейді. Адвокаттар алқасын құру мемлекеттік органдардан арнайы рұқсатты қажет етпейді және ол мемлекеттік органдарға тәуелді емес. Ұйымда адвокаттардың тәртіптік комиссиясы жұмыс істейді. Құқықтың барлық саласын жете білетін білікті адвокат қана халыққа заң аясында көмек көрсете алады.

– Сотта адвокат пен прокурор тең болуы керек. Белгілі бір істерде екеуінің

«Қолыңда болса бар билік, қараға залым болмаңыз. Алдыңа келсе бітпес дау, әділін айтып қорғаңыз».
(Төле би).

Бұл қағиданы қазақтың бас биі осыдан төрт ғасыр бұрын айтса да, қазіргі заманауи сот қызметінде жүрген азаматтардың басты ұстанымы болуға тиіс. Адам құқығы әлемдік маңызға ие болып отыр. Тек құқықтық жағынан емес, маңызды әлеуметтік немесе жеке мәселелерді шешудің негізгі көзіне айналды. Сала мамандарының айтуынша, он жыл бұрынғы жағдаймен салыстырғанда халықтың сот жүйесіне деген сенімі артқан. Алматы қаласы адвокаттар алқасының мүшесі, адвокат Алма МУСИНАМЕН әңгімеміз адвокатураның сот саласындағы орны мен өзге де мәселелер төңірегінде өрбіді.



құқықтық міндеті әртүрлі болғанымен, бір-біріне жұмыс жүрмейді. Сіздіңше, адвокаттың прокурорға қарағанда қауқары төмен емес пе? Екі құрылымның теңдігі туралы не айтасыз?

– Сот мәжілісінде прокурор мемлекеттік айыптаушы ретінде қатысады, айыптау актісін қолдайды, сотталушының кінәсін сотқа дейінгі тергеу барысында жиналған дәлелмен әшкерелеуге тырысады. Ал қорғаушы, яғни адвокат сотталушының заңды құқығын қорғайды және қорғау барысында жиналған дәлелдеме заң талаптарына сәйкес алынған ба, сотталушының құқығы бұзылмаған ба, дәлелдер сотталушыны «кінәлі» деп тануы үшін жеткілікті ме, сотталушының кінәлі екеніне күмән бар ма деген сұрақтарды негізге алып, тексеріп, өз дәлелі мен сауалын ұсынады.

Сот алдында прокурор мен қорғаушының құқығы тең болғанымен, күнделікті тәжірибеге қарап, теңдік бар деп айту қиын. Өкінішке қарай, соттар прокурор берген өтініштерді қанағаттандырып, ал қорғаушы тарапынан түскен өтініштердің негізі болса да, қараусыз қалдырып жатады. Соттар кейде қылмыстық істегі сотқа дейінгі тергеу барысында болған заң бұзушылықтарға көз жұмады. Соттардың тергеу мен прокуратура тарапынан жіберілген заң бұзушылықтарға қатысты шара қолданбауы құқық қорғау органдарының адам құқығына немқұрайлы қарайтынын білдіреді. Ал құқық қорғау органдары мен соттың өзі осындай заңсыз әрекеттерімен Ата Заңды аяқасты ететін болса, онда халықтың сотқа деген сенімін қалай арттырмақпыз?!

– *Адвокаттың міндетінде тиісті норма бар. Сіздер айналысқан істе бәрі құпия болуға тиіс. Ақпарат пен дәлел жинауда кедергілер болып тұра ма?*

– Адвокатқа көмекке жүгінген тұлғаға қатысты барлық ақпарат адвокаттық құпия және ол мәліметтер көмек сұрап, өтініш жасаған тұлғаның келісімінсіз жария етілмейді. Заң көмегін көрсету аясында адвокат сұраныс жіберіп, керекті ақпараттарды жинайды. Сұраған мәліметтерді беру

үшін органдар мен мекемелер адвокат кімнің мүддесіне сұраныс беріп отырғаны жайлы құжатты, адвокаттың хабарламасын, сенімхатты талап етеді. Әрине, бұл құпиялықты сақтауға кедергі келтіреді. Ал кейбір кезде адвокат қорғап жатқан тұлғаға заңды көмек көрсету үшін, басқа тұлғаға қатысты ақпаратты сұрауға мәжбүр болады. Алайда, органдар мен мекемелер сұраныс берген азаматқа немесе заңды тұлғаға қатысты сенімхат пен адвокат хабарламасын тіркесемесе, ақпаратты бермейді. Бөтен тұлғаға қатысты хабарлама мен сенімхатты алу мүмкін болмайды, себебі ол адвокаттың қорғауындағы тұлға емес.

Құқықтық баға әділ болуға тиіс

– *Әр адвокаттың өзінің жұмыс істеу тәсілі мен күдіктіні қорғау тәртібі болатыны белгілі. Құпия болмаса, азаматтарды сотта қорғаудағы басты ұстанымыңыз қандай?*

– Мен сотқа дейінгі тергеу барысында қорғауымызда адамның кінәсіз екенін дәлелдейтін мәліметтерді тез арада жинауға тырысамын. Куәгерлерден жауап алып, деректер жинаймын. Тергеу органдарының жіберген кейбір қателіктері жайлы сотқа дейінгі жарып айтпаймын, оны сотта бір-ақ жариялаймын. Себебі, тергеу барысында олар қателікті түзетіп, дәлелдемелерді заңды етіп бекітіп алуға тырысады. Сот барысында тергеу органдары тарапынан жіберілген сотталушының құқығын бұзған фактілер мен тергеу қателіктеріне соттың назарын аударып, кейбір құжаттарды дәлелдемелер қатарынан алып тастау туралы жазбаша өтініш түсіремін. Сонымен қатар, сотталушының жеке басына, отбасына қатысты жазасын жеңілдетуі мүмкін мәліметтерді жинап, оларды іс материалдарына тіркеуді сұраймын. Басты ұстаным – заң аясында әрекет ету, әділдіктен айнымау. Адвокаттардың өзі Ата Заңның жаңа нормаларымен

танысуда белсенді болуы керек деп санаймын.

– *Қылмыстық істерде айыпталушыларды адвокат, яғни қорғаушы қорғайды. Айыпталушы заң көмегіне төлейтін мүмкіндігі болмаса, ол көмекті мемлекет өзі тазайындайды. Бұл жұмыс қалай жүргізіледі?*

– Егер айыпталушының қорғаушыға беретін қаражаты болмаса, онда күдікті немесе айыпталушыға тегін қорғаушы тағайындалады. Оны мемлекет кепілдік беретін заң көмегі деп атайды. Тегін заң көмегіне әлеуметтік жағдай төмен, адвокаттың еңбегін төлеуге материалдық мүмкіндігі жоқ азаматтар жүгінеді.

Қылмыстық істер бойынша тергеу органдары немесе соттар ондай азаматтарға қорғаушы тағайындау туралы қаулы шығарып, адвокаттардың заң кеңсесіне жібереді. Адвокаттың еңбегі жұмыс істеген сағатына байланысты мемлекет мүддесінен төленеді. Егер де күдікті немесе айыпталушының кінәсі дәлелденіп, сотталса, сотталған тұлғадан қорғаушыға төленген шығын өндіріп алынады.

– *Қим етсе, сотқа жүгінетіндердің барын көріп жүрміз. Бізде ұсақ-түйек істерді сотқа жеткізбей шешу жағды қалай?*

– Технология дамыған сайын негізсіз сотқа беретіндер тіптен көбейіп кетті. Әлеуметтік желідегі қақтығыстар сотқа жетіп жатады. Көршілердің арасындағы дау да ұшығып, тіпті, ағайындылар бір-бірін сотқа сүйрейді. Мұндай дауларды сотқа жүгінбей-ақ медиация арқылы шешуге болады. Медиация туралы заң қабылданғаннан бері арнайы орталықтар ашылып, медиаторлар реестрлері интернет желісіне жүктелген болатын.

Ұсақ-түйек істерді сотқа жеткізбеуде медиацияның маңызы зор. Бірақ медиация жүйесі, олардың жұмысы туралы ақпарат аз. Медиация сотқа жеткен істердің санын азайтып, ауыртпалықты біраз жеңілдететін еді.

Теңдік орнамай, сенім артпайды

– *Қорғаушы – тергеушіге процессуалдық оппонент. Тергеу кезінде тергеушіде қандай мүмкіндік болса, қорғаушыда да сол болуы керек...*

– Иә, бірақ қылмысты тергеу барысында тергеушінің адвокатқа қарағанда мүмкіндігі көп. Тергеуші сұраныс жасап, кез келген ақпаратты кез келген мекемеден ала алады, ал адвокаттарға ондай мүмкіндік қарастырылмаған. Мысалға, банктердегі, мобильді байланыс мекемелеріндегі, мүлкті тіркеу органдарындағы, т.б. ақпараттарды жинау үшін қорғаушы нақты кімге қатысты ақпарат сұраса, сол тұлғадан сенімхат тіркеуі керек. Ал егер ақпарат қылмыстық іс бойынша дәлелдеме ретінде маңызды, бірақ басқа тұлғаға қатысты болса ше? Ол тұлға адвокаттың қорғауында болмаса, сенімхат бермесе, онда ондай ақпарат адвокатқа берілмейді.

Қылмыстық қудалау органдары тергеу кезінде жинаған дәлелдермен қорғаушыны толық таныстырмай, яғни жартылай ғана таныстыруға құқылы. Қылмыстық істің толық құжаттарымен адвокат тек қылмыстық іс аяқталғанда ғана таныса алады. Бұл айыптау органдары мен қорғаушы құқығының тең еместігін көрсетеді.

Тергеуші мен прокурордың сұранысын кез келген орган мүлті етпей, дер кезінде орындайды, ал адвокат ақпарат жинау үшін біраз уақытын жұмсайды. Ақпараттың бәрі оңайлықпен қолға түспейді. Куәгерлердің де көбі құқық қорғау органдарынан қорқақтап, адвокатқа түсініктеме беруден бас тартып жатады.

Бұл – құқық қорғау органдарының халыққа ықпалының үстемдігі мен адвокат мәртебесінің төмендігінің белгісі. Құқық қорғау органдары арасында заң жүзінде теңдік орнаса, азаматтардың құқығын қорғау үрдісі жаңа деңгейге көтерілер еді.

– *Уақыт тауып, сұхбат бергеніңізге көп рахмет!*

Сұхбаттасқан
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

РЕСПУБЛИКА МАҚТАНЫШТАРЫ

IV Азия Пара ойындары: ЖАРҚЫН ЖЕҢІС

**41 медаль: 8 алтын,
12 күміс, 21 қола!**

Үкімет басшысы Әлихан Смайылов 22–28 қазан аралығында Қытайдың Ханчжоу қаласында өткен IV Азия Пара ойындарының жеңімпаздарымен және жүлдегерлерімен кездесті.

Кездесу барысында Әлихан Смайылов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хатын оқып, қазақстандық паралимпиада ойыншыларын өткен Пара ойындарындағы жарқын жеңістерімен құттықтады.

«Сіздердің бойларыңыздағы жанқиярлық рух пен жеңіске деген құштарлық миллиондаған адамдарды өмірдегі қиындықтарды еңсеруге және табысқа жетелейді. Сіздердің керемет спорттық өнерлеріңіз адамның ерік-жігерінің шексіз екенін паш етті. Сіздердің әрқайсыларыңыздың өмір жолдарыңыз – өскелең ұрпақ үшін шеберліктің, батылдықтың, сондай-ақ табандылықтың үлгісі. Онсыз, әрине, жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізу мүмкін емес», – деді Премьер-Министр.

БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Қазақстан атынан пара пауэрлифтинг, бочча, пара жеңіл атлетика, пара велоспорт, академиялық ескек есу, пара дзюдо, отырып ойнайтын волейбол, пара үстел теннисі, шахмат, пара оқ ату, пара садақ ату, пара таэквондо, пара жүзу және пара каноэ сияқты 14 спорт түрінен жарысқа 131 спортшы қатысты. Нәтижесінде ел құрамасы 41 медаль жеңіп алды, оның ішінде 8 алтын, 12 күміс және 21 қола медаль иеленді. Медаль саны бойынша Қазақстан 44 қатысушы ел арасында 11-ші орынға көтерілді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрдәулет ЖҰМАҒАЛИ,
Азия рекордшысы:

Бүкіл қазақ елінің қолдауын ерекше сезіндім

Мұндай ірі жарыс алаңында өнер көрсету әрқашан үлкен жауапкершілік жүктейді. Жаттығу барысында біз барлық тапсырмаларды бұлжытпай орындадық. Жарыс алдында дайындығымыз жоғары деңгейде өтті. Азия Пара ойындарында бүкіл қазақ елінің қолдауын ерекше сезіндім. Барлық спортшылардың атынан Қазақстан халқына зор алғысымды білдіремін. Алдағы Паралимпиада ойындарында еліміздің Әнұранын шарықтатуға бар күшімізді саламыз.

Ақмарал НАУАТБЕК,
пара дзюдошы:

Жақсы жетістіктермен қуантамыз

Азия Пара ойындары қазақстандық спортшылар үшін Паралимпиада алдындағы үлкен сынақ болды. Біздің жетістігіміз – барлық жаттықтырушылар мен медицина қызметкерлерінің бірлескен еңбегінің нәтижесі. Барлық спортшылардың атынан алдағы Паралимпиада ойындарына тыңғылықты дайындалып, елімізді жақсы жетістіктермен қуантамыз деп толық сеніммен айтамын.

Әлихан Смайыловтың айтуынша, жетістікке жету жолында паралимпиадашыларға қолдау көрсеткен тәлімгерлер мен жаттықтырушылар да ерекше құрметке лайық. «Азия Пара ойындарындағы бүгінгі жеңістер – болашақ Паралимпиада жетістіктері үшін маңызды қадам».

Кездесу барысында Әлихан Смайылов Азия Пара ойындарының жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне, сондай-ақ оларды дайындаған жаттықтырушыларға Мемлекет басшысының атынан Алғыс хаттар мен естелік сыйлықтарын табыс етті. Қазақстанның Паралимпиадалық дзюдо федерациясы да Президенттің Алғыс хатымен марапатталды. Басқосуға құрлықтық жарыстардың жеңімпаздары Давид Дегтярев (пара пауэрлифтинг), Нұрдәулет Жұмағали және Диас Кенжебек (пара жүзу), Ақмарал Науатбек, Ергали Шамей және Олжас Оразалыұлы (пара дзюдо), Дастан Мұқашбеков (жеңіл атлетика) қатысты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ»
(Дереккөз: primeminister.kz).

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

Басты бағдар: ФЕДЕРАЦИЯЛАР ЖҰМЫСЫН ЖАНДАНДЫРУ



– Айдын Бағдатұлы, жоғары жетістіктер спорты мен балалар спортының байланысын айтып өтсеңіз?

– Балалар мен жасөспірімдер спорты, бұл – үлкен әлеуметтік маңызы бар қазіргі заманғы спорттың ажырамас бөлігі. Өзіңіз білесіз, бала кезде мектептерде жалпы және арнайы дене шынықтырудың негізін қалау және қалыптастыру сабақтары жүреді. Спорттық дайындық пен жасөспірімдер спортын жалпы спорт жүйесінің негізі деп атауға болады. Мұндай «іргетассыз» қазіргі заманның сын-тегеуріндеріне төзімді кәсіби спорт пен жоғары жетістіктер спортын салу мүмкін емес. Себебі, жоғары жетістіктер спорты нақты нәтижелерге негізделеді, яғни жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізуді, рекордтар жасауды қамтамасыз ететін спорт саласы. Мәселен, шетелде жоғары білікті спортшыларды даярлау жүйесі спорттық ізбасарларды даярлау жүйесіне сүйенеді, оның негізі тиімді ұйымдастырушылық құрылым (БЖДДК, БЖСМ, ОРМБЖСМ, ОРК, ЖСШМ) болып табылады. Мұнда басты рөлді қосымша білім беру жүйесіндегі спорт мектептері атқарады. Бұл ретте саланы одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан үшін Норвегия, Қытай, Ұлыбритания, Австралияның ғылыми-әдістемелік, талдамалық, оқу және медициналық сүйемелдеумен қамтамасыз ететін тәжірибесін зерттеу қажет.

– Қазіргі уақытта мемлекет тарапынан спорт саласына лайықты деңгейде көңіл бөлініп отыр деп айта аласыз ба?

– Әлбетте. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев спортқа зор көңіл бөліп, бұл саланы әрдайым мемлекеттік маңызы басым бағыттар санатына қосып келеді. Тәуелсіздік алғаннан бергі жылдар аралығында елімізде бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спортын дамыту жолында қыруар жұмыстар атқарылды. Баршаға мәлім, соңғы жылдары еліміздің барлық өңірінде спорт алаңдары мен басқа да ірі нысандар салынуда. Соған қарай спортпен шұғылданатын адамдардың саны да артып келе жатқанын көріп отырмыз. Алматыда да үйлердің аулаларында, скверлерде және саябақтарда орнатылған тренажерлар орнатылған. Арнайы үйірмелер ашылып, оқушылар тегін қатысатын спорттық секциялар да жоқ емес. Бірақ бұл спорттың серпінді дамуына әлі де аздық етеді. Жақында Президентіміз Қытайда өткен XIX жазғы Азия ойындарының жүлдегерлерін қабылдаған кездегі басқосуда спорт саласына қатысты бірқатар өзекті мәселелерге тоқталып, жыл сайын бөлінетін қаржының тиімді жұмсалмай отырғанын сынға алды. Болашақта спорт саласының дамуында Президент тапсырмасына орай тың идеялар мен өзгерістер енеді деп сенемін.

– Балалар мен жасөспірімдердің жаттықтырушыларына көңіліңіз тола ма?

– Шынымды айтсам, сауатты жаттықтырушылар аз. Біз спорттағы бәсекеге төтеп беруіміз үшін біліммен қоса, ғылымға бет бұруымыз қажет. Көптеген ғылыми және әдістемелік еңбектерде спорттық даярлау барысында педагогикалық, жаттықтырушылық әдістерді қолдану есіп келе жатқан ағзаның жас ерекшеліктеріне негізделе жоспарланып жүргізілуі қажет. Мұғалім мен жаттықтырушы іс-әрекетінің негізгі қағидаты ретінде болашақ спортшының биологиялық даму барысын, оның жасы мен жынысын, яғни жеке дамуын ескере отырып, спорттық даярлаудың құралдары, әдістері мен түрлерінің үйлесімді бірлігін анықтайды. Мұндай мәселе балалар мен жастардың қабілеттерін дамытуды басқарудың негізгі мәселелерінің бірін шешуге мүмкіндік береді. Сондықтан балалармен, жасөспірімдермен жұмыс істейтін спорт жаттықтырушысы педагогика, физиология, психология және басқа да ғылыми пәндер бойынша ауқымды білімді меңгеруі қажет.

– Болашақ чемпиондарды табудың белгілі бір критерийі бар ма?

– Бұл сауалыңызға мынадай мысалмен жауап беріп

Бүгінде спорт саласына аз көңіл бөлініп отырған жоқ. Қала мен ауылдық жерлерде спорт алаңдарын көбейту, жұртшылықты қолжетімді спорттық құрал-жабдықтармен қамту секілді жүргізіліп жатқан жүйелі жұмыс жетерлік. Дейтұрғанмен, бұл салада әлі де айтарлықтай мәселе бар екені белгілі. Жақында Мемлекет басшысы спорт саласына түбегейлі өзгеріс қажет екенін айтып, тиісті министрлікке тапсырма берді. Демек, осы саладағы басшылар мен қызметкерлер, жаттықтырушылар спортты ғылыми тұрғыда зерттеп, жоспарлы түрде жұмыс жасауы керек. Әйтпесе, көп нәрседен артта қалуымыз мүмкін. Ол үшін жоғары жетістіктер спортының негізгі іргетасы – балалар мен жасөспірімдер спортын қазірден қолға алудың маңызы зор. Осы орайда біз Қазақ спорт және туризм академиясы Ұлттық спорт түрлері және күрес кафедрасының меңгерушісі, PhD докторы, қауымдастырылған профессор Айдын ДОШЫБЕКОВПЕН сұхбаттасқан едік.

көрейін. Мәселен, Қытайда балалар арасындағы бұқаралық спорт спорттық резервтің негізі болып табылады. Қытайдағы жалпы білім беретін орта мектептерде спорт дене шынықтыру сабақтарында оқушылар игеретін бейінді спорт пәнін таңдау арқылы жүзеге асады. Ең дарынды оқушылар қатаң іріктеуден кейін балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне түсе алады. Жаттықтырушылардың ақысын, жабдықтар, олардың жүріп-тұруы, тамақтануы, мектепте оқуын және басқаларды қоса алғанда, оқытуға, даярлауға жұмсалатын барлық шығыстарды мемлекет өз мойнына алған. Қытайдың спортшыларды даярлау жүйесі әлемде теңдесі жоқ дайындық үрдісімен, яғни медициналық қамтамасыз етудің ең жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Мұның бәрі әлемдік ғылымның жетістіктері мен Қытай халық медицинасының әлеуетін ескере отырып қолданылады. Міне, бізде де осы мәселелерді шешу керек. Ғылыми және ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін күнделікті практикаға уақытты енгізіп отыру қажет. Спортшыларды дайындау сапасын арттыру және бұқаралық спортты дамыту бойынша атқарылатын ауқымды жұмыстар жүйелі қолға алынатын болса, Қазақстан спортының әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін көтеруге және еліміздегі бұқаралық спортты ілгері жылжытуға мүмкіндігі зор. Спорттан нәтиже күтеміз десек, оны балаларды дайындаудан бастауымыз керек.

– Қазіргі жаттықтыру үрдісі қалай жүріп жатыр деп ойлайсыз?

– Мен еңбек жолымды мектепте дене шынықтыру пәні мұғалімі болудан бастағанмын. Кейін белгілі спорт колледжінде жаттықтырушы да болдым. Сол кездегі түйгенім, негізсіз, мақсатсыз, спорт түрлерінен болмашы оқу-жаттығу жиындары көбейген, бәлкім, оның да өзіндік себебі бар шығар... Бірақ менің ойымша, әр оқу-жаттығу жиыны мақсатты, жылдық жоспармен ұйымдастырылуы керек. Академияда кафедра меңгерушісі ретінде жасөспірім спортшылардың жарыс, оқу-жаттығу жиындарына сұраныс хаттарынан байқағаным, облыстық жаттықтырушылар жасөспірімдерді мақсатсыз жарыстар мен жиындарға көп апарды. Өкініштісі, онда спортшының ағзасы мен әлеуметтік жағдайы мүлде ескерілмейді.

– Демек, әлеуметтік жағдай спорттағы жетістігіне әсері бар дейсіз ғой?

– Әрине, балалар және жасөспірімдердің заманауи спорты «жаттықтырушы – жас спортшы – отбасы» деген өте қатаң өзара байланысқа негізделген. Мұндай бірлестік спортта үлкен жетістіктер мен жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етеді. Тағы бір мәселе, БЖСМ жаттықтырушылары спортшыларды тәрбиелеп, жетістіктерге жеткізу оңай шаруа емес, жоғары жетістіктер спортының бастамасы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі болса, ондағы жалақы жалпы білім беретін мектептердің жалақысының 50 пайызын құрайды. БЖСМ жаттықтырушылары сол себепті спорт мектептерін тастап дене шынықтыру мұғалімі қызметіне ауысып кеткен. Көбісі спорт мектептерінде жарты жүктемеде жұмыс жасайды. Мұндай тірлік спортшыларды дайындауда еш нәтиже бермейді. Осы мәселені басшылар қарастырғаны жөн. Тағы айта кететіні, еліміздің спорт түрлері федерацияларының жұмысын жандандыру қажет деп санаймын.

Сұхбаттасқан
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет.

2023 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе alatayaqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

65503 | Жеке жазылушылар үшін

95503

Жеңілдікпен ҮОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін

6433,44 теңге

4033,44 теңге

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін **post.kz** сайты немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша **Post.kz** қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Жазылушылар назарына!

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Almaty aqshamy» газеті аптасына 2 рет (сейсенбі, жұма) шығады.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ АЛУ ТӘРТІБІН ТҮСІНДІРУ

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті аудан тұрғындарына үйден шықпай-ақ мемлекеттік қызметтерді онлайн алуға болатынын үнемі ескертіп келеді.

Мемлекеттік органдарға цифрлық технологиялардың енгізілуі және сол бағытта жұмысты дамыту азаматтарға мемлекеттік қызметтерді электронды форматта жылдам әрі өз бетінше алуға мүмкіндік береді. Көптеген мемлекеттік органдар азаматтардың мұн-мұқтажын біле тұра олармен алдын ала хабарласып, азаматтарға ыңғайлы болу үшін www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы, Mgov мобильді қосымшасы және EgovKzBot, Telegram-бот мессенджер арқылы қызмет көрсетеді. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтер көрсетілетін қызметті ұсынушылар, мемлекеттік корпорация, «электрондық үкімет» веб-порталы, стационарлық абоненттік құрылғысы, ұялы байланыс абоненттік құрылғысы, орталық мемлекеттік органдар айқындаған ақпараттандыру объектілері арқылы көрсетіледі.

Электрондық нысанда мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін мемлекеттік органдар заңнамасына сәйкес «электрондық үкіметтің» веб-порталы және «электрондық үкіметтің» шлюзінде, «электрондық үкіметтің» сыртқы шлюзінде орналастырылған сервистермен интеграцияланған ақпараттандыру объектілері арқылы жүзеге асырылады.

Электрондық нысанда мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін мемлекеттік органдар тұрақты түрде өздерінің ақпараттық жүйелеріндегі электрондық ақпараттық ресурстарын жаңартылған күйде ұстап тұрады. Сондай-ақ, цифрлық технологияның дамуымен елімізде «Электрондық қылмыстық іс» модулі жұмыс істейді, яғни электрондық қылмыстық істі дайындауды, жүргізуді, жөнетуді және сақтауды ұйымдастыруға арналған СДТБТ-ның функционалы іске қосылған.

Құқықтық статистика органы мемлекеттік қызметтің 4 түрін көрсетеді:

- 1) «Соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама беру»;
- 2) «Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою»;
- 3) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитеті мен оның аумақтық органдарының мұрағаттары шегінде мұрағаттық анықтамалар және / немесе мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру»;
- 4) «Адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру».

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру онлайн режимде көрсетіледі. Оған «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы тапсырыс беруге болады, www.egov.kz ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын, яғни порталдың мобильді нұсқасын үйден шықпай, тек электрондық-цифрлық қолтаңбасы бар, яғни «Мемлекеттік корпорация» КЕАҚ-на бармай-ақ, Үкімет азаматтар үшін немесе бір реттік SMS пароль сервисі, «EgovKzBot» арқылы немесе Telegram мессенджері арқылы.

Анықтама электрондық құжат нысанында 2003 жылғы 7 қаңтардағы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес ресімделеді.

Құжаттарды қабылдау және қызмет көрсету нәтижелерін беру портал арқылы, шетелге шығу үшін қағаз нысанда анықтама алу қажет болған жағдайда «Мемлекеттік корпорация» арқылы беру арқылы жүзеге асырылады.

Соттылығы туралы анықтамалар Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 79, 89-баптарының тәртібімен сотталғандығын өтеу ескеріле отырып беріледі. Яғни қылмыстық қудалау тоқтатылған немесе соттылығы өздеріне қатысты өтелген немесе алынып тасталған азаматтар «соттылығы жоқ» деген жазбамен анықтама алады.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, қағаз нысанда мемлекеттік корпорация арқылы 5 жұмыс күніне дейін беру жеткілікті www.egov.kz.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің мұрағаттары шегінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру бір реттік SMS пароль сервисі арқылы жүзеге асырылады. Қызмет 10 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде көрсетіледі. Оны алу үшін «Мемлекеттік корпорацияға» немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы өтініш беру жеткілікті www.egov.kz.

Көрсетілетін қызметті алушы не сенімхат бойынша оның өкілі жүргіген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі жеке басын куәландыратын құжаты, сондай-ақ туыстарына ақпарат алған кезде туыстық дәрежесін растайтын тиісті құжаттары, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны қағаз түрінде болуы қажет.

Ж.КЕҢЕСЖАНОВА,

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитеттің Алматы қаласы бойынша Департаментінің бөлім прокуроры.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2022 жылғы 19 тамыз **№90-ОД бұйрығы** бойынша «**Коктем шипажайы**» акционерлік қоғамы үшін сумен қамтамасыз ету бойынша қызметке 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа еңгізілген, қосымша құн салығынсыз **158,34 теңге/м³** көлемінде болатын тариф пен тарифтік смета өзгерістерсіз қалдырылды.

«**Bilim school**» ЖШС мектебі жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ана төлемі бір оқушыға жылына **1200 АЕК**-тен аспауы керек (*2023 жылы – 4 140 000 теңге*). Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «**Қаржы орталығы**» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз.

Сенім телефондары: 8 (7172) 69-50-37, 8 (7172) 69-50-58,
сайты: www.fincenter.kz



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЖАҢА АРНА Алматының тазалық сапасына қатысты өтініш қабылдайды

Енді алматылықтар қаладағы тазалық мәселесі бойынша шағымдана алады. Алматы қаласының Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы қалада тазалық сапасына қатысты қала тұрғындарының өтінішін қабылдау үшін Whats App арнасы құрылғанын хабарлады.

Мына **+7 706 689 88 98 Whats App** нөміріне қала тұрғындары жолдарды, тротуарларды және қаланың қоғамдық орындарын тазалауға ұсыныс немесе шағым жібере алады. Арнаның жұмыс режимі: жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Ескеретін жәйт, өтініштерді үлгі бойынша бір мәтіндік хабарламамен жіберу керек:

- * *өтініш берушінің деректері;*
- * *байланыс нөмірі (кері байланыс үшін);*
- * *өтініштің мәні;*
- * *уақыты мен күні;*
- * *өтінішке қатысты нақты мекенжайы;*
- * *бар болса фотоматериал бекіту керек.*

Үлгі бойынша жасалмаған өтініштер, қоңыраулар мен дыбыстық хабарламалар тіркелмейді. Аулаішілік аумақтар бойынша хабарламалар қабылданбайды.

Алматы қаласының көше-жол желісін тазалау жалпы ұзындығы 2698 км болатын 2318 көшеде жүргізіледі. Санитарлық тазалау 25 млн м² аумақта 10 мердігер ұйымның күшімен жүзеге асырылады, оның 70%-ын «Алматы Тазалық» жинайды.

Қысқы кезеңде бұл жұмыстарға 818 бірлік техника мен 1240 жұмысшы тартылады.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysgh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alataу Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.

БРИФИНГ

ALMATY STUDENTS WEEK

акциясы басталды



Жыл сайын бүкіл әлем 17 қарашада Халықаралық студенттер күнін атап өтеді. Соның құрметіне мегаполисте 10–17 қараша аралығында Almaty Students Week акциясы өтетінін Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының өкілдері ӨКК брифингінде айтты берді.

Мегаполисте 35 жоғары оқу орны бар, онда 200 мыңға жуық студент оқиды, оның ішінде 124 мыңнан астамы басқа өңірлерден келген студенттер.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Almaty student week» фестивалінің мақсаты – студент жастардың бірлігін арттыру, жастарымызды патриоттық рухқа тәрбиелеу. Жалпы, фестивальдің негізгі идеясы – студенттерді белсенді ортаға тарту, сондай-ақ дарынды, талантты жастар мен қоғам көшбасшыларын анықтау», – деді Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының ЖОО жөніндегі бөлім басшысы Жұлдыз Жорабек.

Спикердің айтуынша, студент жастардың жеке және кәсіби өсуіне жағдай жасау, қоғамда табысты әлеуметтенуі, оның зияткерлік және шығармашылық әлеуетін арттыру мақсатында «StudUnion» алаңы жұмыс жасайды. Студент жастар арасындағы пікір көшбасшылары болғандықтан жастар жөніндегі комитеттер қауымдастығы жиналып, жастар арасындағы көптеген мәселені қарастырады.

«Өткен демалыс күндері, комитеттер қауымдастығы 3 күндік лагерьге барып, жоғары оқу орындарының тәжірибелерімен алмасты. Сондай-ақ, жылдың соңында үздік комитет басшысын және белсенді студент-

ті марапаттау рәсімі өтеді», – деп толықтырды ол.

Студенттік апталық Алматы қаласы жоғары оқу орындары студенттерінің шығармашылық қабілетін дамыту, жастардың зияткерлік әлеуетін арттыру және мемлекеттік тілді насихаттау мақсатында өтетін «SUPER LIGA» КТК-ның финалдық ойындарынан басталады. Сонымен бірге, «IQ-ALA jastary» жобасы аясындағы зияткерлік ойындардың финалын, студенттер арасында киберспорттан турнир өткізу жоспарланып отыр.

Сондай-ақ, Алматы қаласының жоғары оқу орындарымен бірігіп, көптеген іс-шараны өткізу жоспарланып отыр:

– Қазақ ұлттық университетімен 16 қарашада Ө.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында «Біз – Жана Қазақстан Жастарымыз!» – I-курс студенттері арасында гала-концерт және көркемөнерпаздар фестивалі өтеді.

Бұл байқаудың негізгі мақсаты – талантты жастарды анықтау және қолдау, олардың шығармашылық қабілеттерін іске асыруға жәрдемдесу:

– Сол күні «Нархоз» университетінің ұйымдастыруымен «Acoustic evening» аспаптық концерті өтеді. Іс-шара әртүрлі стильдерді ұсынатын бірнеше музыкалық нөмірлерден тұрады.

– Сондай-ақ, С.Асфендияров атындағы медициналық университеттің ұйымдастыруымен қаламыздың студенттері арасында тұрақты донорлар санының артуы мақсатында «Өзгеге өмір сыйла – донор бол!» акциясы ұйымдастырылады. Мұндай акциялар біздің қаламызда жақсы дәстүрге айналуға және қатысушылардың саны тек артып келе жатқанын атап өткен жөн.

«Сонымен бірге, ҚР Ғылым және жоғары білім министрі жанындағы Студенттер Кеңесінің отырысы өтеді. Жалпы мақсаты – министр Саясат Нұрбекпен қазіргі студент жастардың проблемасын талқылау. Күні бойы Қазақстанның барлық қалаларынан келген студенттер түрлі семинарлар мен тренингтерге қатысып, министрмен TedX алаңында кездеседі», – деп бөлісті Ж.Жорабек.

Өз сөзінде Алматы қаласы бойынша «Студенттер альянсының» төрағасы Жасұлан Қуандық аталған іс-шаралардан басқа студенттерге түрлі акциялар мен жеңілдіктер қолжетімді болатынын атап өтті.

«17 қарашада студенттерге арнайы жеңілдіктер мен акциялар қарастырылады. Бұл ретте бізді алматылық кәсіпкерлер қолдады. Жеңілдіктер оқу орындары мен тамақтану орындарында жасалады. Бірқатар баспалар біздің студенттерге жеңілдіктер беруді жоспарлап отыр. 15 қарашаға дейін біз осы акциялар туралы толық ақпаратты жариялаймыз», – деді ол.

Ұйымдастырушылар жастар мен мегаполис студенттерін Almaty Student Week фестиваліне белсенді қатысуға шақырады.

ВАКЦИНА



МИНИСТР НЕМЕРЕСІНЕ ЕКПЕ САЛДЫРДЫ

Елімізде қызылша жұқтырғандардың 83%-ы балалар

Қазіргі уақытта Қазақстанда, сондай-ақ әлемнің көптеген елінде қызылша ауруына қатысты қолайсыз эпидемиологиялық жағдай қалыптасып отыр. Денсаулық сақтау министрі Ажар Гиният кейінгі екі айда елімізде сырқаттанушылар саны күрт өскенін, биыл 13 мыңнан астам адам қызылша жұқтырғанын мәлімдеді.

Оның айтуынша, ауру жұқтырғандардың 83%-ы балалар, негізінен 5 жасқа дейінгілер. Олардың 70%-ы екпе алмаған. Науқастардың арасында екпе алмаған ересектер де бар. Ажар Гиният инфекцияның таралуының артуы салдарынан Қазақстанда қосымша жаппай екпе алуды жүргізу туралы шешім қабылданғанын, бұл қаңтар айының соңына дейін жалғасатынын айтты. Министрдің айтуынша, елімізде вакцина жеткілікті.

«Вакциналау мәртебесі жоқ балаларға, инфекция ошақтарында болған ересектерге екпе егеміз. Баршаңызды аурудан сақтау үшін емханаға шақырамыз», – деді Ажар Гиният.

Денсаулық сақтау министрі инфекциялық аурудың екпемен алдын алуға болатынын ескертті. «Бүгінгі күні қызылша вирусының өзіне тән емі жоқ, сондықтан мұндай қауіпті инфекциядан құтылудың жалғыз жолы екпе егу болып отыр. Вакцинаның өзінен қорықпау керек, ол тексерілген. Біз оны жыл сайын ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес қолданамыз», – деді министр.

Астананың №9 емханасына келіп, немересіне қызылшаға қарсы екпе салдырған Ажар Гиният барлық ата-ананы балаларына уақытылы екпе салдыруға шақырды.

Нұр ЖАМАЛ.

МАМАН КЕҢЕСІ

Зәуре АХМЕТОВА,
ҚР ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті
төрағасының орынбасары:

ҚЫЗЫЛШАҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНА 60 жыл бойы қолданылып келеді, екпе – қауіпсіз

Елімізде қызылша бойынша жағдайды тұрақтандыру мақсатында қандай шаралар қабылданып жатқаны туралы Орталық коммуникациялар қызметінің алаңындағы сараптамалық «дөңгелек үстел» барысында ҚР ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті төрағасының орынбасары Зәуре Ахметова баяндап, жағдайға орай бірқатар дерек келтірді.

Аурудың алдын алудың бірден-бір шарасы – вакцинация. Сондықтан денсаулық сақтаудың барлық деңгейлерінде халықпен ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде және вакцинациялау шаралары жалғасуда. Елімізде жыл басынан бері қызылшамен аурудың 13 103 жағдайы тіркелген. (Оның ішінде 83%-ы – 14 жасқа дейінгі балалар арасында, 2,9%-ы – жасөспірімдер, 14,1%-ы – ересектер). Оның айтуынша, бүгінде қызылша ауруы еліміздің барлық өңірлерінде тіркелген. «Аурудың жоғары деңгейі Шымкент қаласында – 2 283 жағдай, Алматы қаласында – 2217 жағдай, Жамбыл облысында – 1605 жағдай, Алматы облысында – 1215 жағдай және Атырау облысында – 940 жағдай», – деп атап көрсетті спикер. Еліміздің 727 мектебінде қызылшамен аурудың 1444 жағдайы тіркелген. Ауру негізінен егілмеген балалар арасында тіркелуде, ауырған балалар ішінде олардың үлесі 84%-ды құрап отыр. 10 қарашадағы жағдай бойынша қосымша иммундаумен 14463 бала қамтылған. «Ошақтарда жедел вакцинация егілмеген адамдарды инфекциядан уақытылы қорғау және инфекцияның одан әрі таралуын болдырмау мақсатында науқаспен соңғы байланыста болған кезден бастап алғашқы 72 сағат ішінде жүргізіледі», – деді спикер. Ол қазіргі уақытта балалардың ата-аналары

ТАҚЫРПҚА ОРАЙ

Қауіпсіздікке кепілдік беріледі

Қазақстанда вакцинация үшін «Serum Institute of India» шығарған қызылшаға, қызылшаға және паротитке қарсы аралас вакцина қолданылады. Бұл вакцинаның өндірісі ДДҰ-ның қайта бағалауынан өткен, өндірілетін вакциналардың сапасы мен қауіпсіздігіне кепілдік беріледі. Республикада қызылшаға, қызылшаға және паротитке қарсы вакцинаның 370 мыңнан астам дозасы бар. Қазіргі эпидемиологиялық жағдай ескеріліп, 500 мың доза көлемінде қызылшаға, қызылшаға және паротитке қарсы вакцинаның қосымша көлемі сатып алынды, ол қараша айының екінші жартысында жеткізілетін болады. Бұл вакцина тиісті контингенттерді қосымша жаппай иммундауды жалғастыруға мүмкіндік береді. Бұған қоса, биылғы жылдың желтоқсан айынан бастап 2 жасстан бастап 4 жасқа толған балаларды қосымша жаппай иммундау және 6 айға толған балаларды қосымша иммундауды одан әрі жалғастыру жоспарлануда. Осы мақсатта вакцинаның 1 млн дозасының жеткізілуі күтілуде. «Қызылшамен ауырғандардың 65%-дан астамын 5 жасқа дейінгі балалар құрап отыр. Сондықтан қызылшаның одан әрі таралуын болдырмау үшін 6 айдан бастап 10 ай 29 күнге дейінгі балаларды қосымша жаппай вакцинациялау енгізілді», – деді комитет өкілі.

арасында, сондай-ақ қызылшамен ауырған адаммен байланыста болған 30 жасқа дейінгі адамдар арасында эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша вакцинациядан бас тарту орын алып жатқанын мәлімдеді. «Қызылшаға қарсы вакцина 60 жыл бойы қолданылып келеді, вакцина қауіпсіз және аурудың өршуінің алдын алу үшін тиімді», – деді спикер.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ortcom.kz).

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ



EUR/KZT 500,67 теңге



USD/KZT 468,08 теңге



RUB/KZT 5,09 теңге



CNY/KZT 64,25 теңге